

КЕЛІСІЛДІ:

Кәсіподақ комитетінің төрағасы

_____ А. Абдукадирова

« _____ » _____ 2024 жыл

БЕКІТІЛДІ :

МКҚК 49 «Алтынай» балабақшасының

меңгерушісі _____ Ж. Дюсенова

« _____ » _____ 2024 жыл



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Астана, 2024

1. Бөлім. Мектепке дейінгі ұйым туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі МҚКҚ №49 «Алтынай» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны. Алматы ауданы Петров көшесі 3/1 мекен – жайы бойынша орналасқан.

Пайдалануға берілген уақыты - 10 сәуір 2010 жылы.

1. Мекеме сыйымдылығы- 200 бала
2. Мекеме тиімділігі- Астана қаласы әкімдігі
3. МДМ түрі – жалпы даму үлгісіндегі балабақша
4. Басты қызметі- тәрбиелеу мен оқыту
5. Негізгі қызметі- мектепке дейінгі білім беру, дамыту мен сауықтыру

Балабақшадағы оқу тәрбие қызметі мемлекеттік «қазақ» тілінде жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес, кіріктірілген білім салаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасайды.

Топ саны- 10

Жас ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтастырылған:

- Кіші топ – 1
- Ортаңғы топ – 4
- Ересек топ - 3
- Мектепалды топ – 2

Шағын орталық – 2 топ

- Мектепалды топ – 2

Педагогтар құрамы:

Жалпы саны -28

Санаты бар -17

Санаты жоқ -7

Педагог- модератор-13

II санат-2

I санат-1

II санаты басшы -1

Материалдық–техникалық базасы: МДМ тиісті жабдықтармен, жиһаздармен, ойыншықтармен, техникалық құралдармен, оқыту кезінде қолданылатын әдебиеттермен қамтамасыздандырылды. Әдіскер, психолог, есепші, медбике, т.б кабинеттері компьютерлендірілген.

Мектеппен сабақтастығы: Жылдық жоспарға сәйкес, мектеп және мектепалды топтар арасында байланыс жасау, педагогтармен қызметтік тәжірибе алмасу.

Балаларды оқытуда тәрбие технологиясының түрі - ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.Базистік оқу жоспарының сағат сандары мемлекеттік жалпығаміндетті білім беру стандартына сәйкес келеді.

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
2023-2024 оқу жылында ұйымдастырылған жылдық жоспарды
іске асыру жұмыстарының есебі**

Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған тақырыбы:

«Ұлттық тәрбие негізінде балалардың тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту»

Мақсаты: Заман талабына сәйкес ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген дені сау, танымдық қабілеттері, тілдері дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ұлттық ойындар арқылы балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту, патриотизмге баулу;
- инновациялық технологияларды қолдана отырып дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту.
- балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты нығайту

Дене шынықтыру – сауықтыру іс- шараларының іске асырылуы

Мақсаты: Балалар өмірін қорғау, дене тәрбиесі, шынықтыру сауықтыру салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарын жетілдіру.

Қыркүйек айында барлық топ тәрбиеленушілерінің қатысуымен және педагогтердің қатысуымен «Денсаулық күні» ұйымдастырылды.

Қазан айында мектепалды «Самұрық», «Қыран», «Қарлығаш» топтары арасында «Денің сау болсын!» тақырыбында спорттық жарыс ұйымдастырылды.

Қараша айында ересек «Аққу» және «Ақ көгершін» топтары арасында «Допты итер» тақырыбында спорттық сайыс ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында ортаңғы «Ақ сұңқар», «Бүркіт», «Шағала» топтарымен «Жеңіске бірге жетейік!» тақырыбында эстафеталық ойын ұйымдастырылды.

Қаңтар айында мектепалды «Самұрық», «Қыран», «Қарлығаш» топтары арасында «Қыс қызығы» спорттық ойын сауық ұйымдастырылды.

2024 жылдың 04 желтоқсаны күні денсаулық күніне орай «Қыс қызығы» тақырыбында мектепалды топтары арасында спорттық ойын- сауық ұйымдастырылды. Дене шынықтыру нұсқаушысы Ибраева Айгүл Жәкенқызы таңғы жаттығуды жасату арқылы балалардың физикалық қабілеттерін арттырып, бойларын сергітті. Серуенге шыққан балалармен таза ауада ырғақты музыка әуенін қосып, түрлі қимылды ойындар ойнатып денелерін шынықтырды. Балалар қаратысып, аққала соқты. «Кім жылдам?» ойынын ойнап, қызыққа батты. Сәуір айында ата-аналармен «Достармыз бірге!» тақырыбында ата-аналармен эстафеталық жарыс ұйымдастырылды.







Күн тәртібінің орындалуы

Балабақшада күн тәртібі 2023-2024 оқу жылына берілген әдістемелік нұсқау хатқа сүйене отырып бекітілген. Әр топтың жас ерекшелігіне сай бекітілген күн тәртібінің орындалуын педагогтер іске асыруда. Балаларды балабақшаға қабылдау таңертеңгі сағат 07.30-да басталып, кешкі сағат 18.00-ге дейін, 5 күн, күн тәртібіне сәйкес жұмыс жасайды.

Күн тәртібін екі бөлікке бөліп қарауға болады: күннің I жартысы және II жартысы. Күн тәртібінің I жартысында таңертеңгі қабылдау, таңғы жаттығу, гигиеналық және шынықтыру шаралары, таңғы ас, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, серуенге дайындық, түскі ас, ұйқыға жатқызу жұмыстары жүргізіледі. Ал күннің екінші жартысында ұйқыдан ояну, сергіту гимнастикасы, бесін ас, сюжеттік-рөлдік ойындар, ерікті іс-әрекет, серуен, қимылды ойындар, ата-аналармен қарым-қатынас, балаларды үйге қайтару жұмыстары жүргізіледі.

Таңертеңгілік гимнастика бала ағзасын белсенді етуге, жұмыс қабілеттілігін жоғарлатуға, тұлғаның дұрыс түзулігін қалыптастыруға

бағытталады. Оныңамалдары: қарапайымтүрдегіжаттығулар, су процедурасы, шынығу, массаж. Таңертеңгілікгимнастиканың ұзақтығы 2-4 жасқадейінгібалалрға 5-6 минут, 4-5 жасқадейінгібаларға 6-7 минут, 5-6 жас баларға 8-10 минутқа созылады. Таңертеңгілікгимнастиканыңқұрылымымынандайболуымүмкін: жүру,жүгіружаттығулары, қолжәнеиық жаттығулары, кеудеге арналғанжаттығулар, қысқажүгіружәнеағзанықалпынакелтіретінжүружаттығулары. Таңертеңгілікгимнастикалықжаттығуларыбалардыжалықтырыпжібермеуүшін 7-10 күнде жаттығулар кешені 2-3 жаңажаттығуларкіргізіпотырғандұрысболады.

Балабақшадағы барлық 10 топ педагогтері бекітілген күн тәртібін толық орындап, іс-шараларды дұрыс атқара білді. Балаларды жылы қабақпен қарсы алып, дене қызуларын өлшеп, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасады. Қабылдаған тәрбиеленушілер гигиеналық машықтарды орындайды. Таңертеңгі жаттығуларды кестеге сай орындап, әр күні таңертең әнұранды шырқайды. Оқу кестесіне сай ұйымдастырылған іс-әрекеттер өз уақытымен жүргізіліп, тәрбиеленушілерді жан-жақты дамытуда.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер биылғы өзгерістерге байланысты ойын арқылы жүзеге асырылып жатыр.Тәрбиешілер ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бір-бірімен кіріктіре отырып, балалардың қызығушылықтарын арттырып, білім-білік дағдыларын қалыптастыру үшін еңбектенуде.

Серуен кезінде балалармен табиғатқа бақылау жасап, еңбек әрекеті, жеке жұмыс және қимылды, дербес ойын әрекеттерін іске асырады. Осы іс-әрекеттерарқылы балаларды еңбекке, бірлесе жұмыс жасауға, Отанын, қоршаған ортасын, табиғатын сүюге, бір-біріне қамқор, бауырмал болуға тәрбиелейді.

Күннің II жартысында балаларды ұйқыдан тұрғызу процесі жүргізіледі. Барлық топтар кестеге сай балаларды ұйқыдан оятып, көз жаттығуы, саусақ жаттығуы, артикуляциялық жаттығулар және жалпы дамытушы жаттығуларды жасатты. Ырғақты музыка әуенімен оятуға тырысты. Балалар гигиеналық машықтарды орындап асқа отырды.

Бақылау барысында балалардың әр астан кейін бата беріп, ас қайырып жатқанын, ұйқыға ертегі тыңдап, музыка әуенімен жатқызып жатқанын, сюжеттік-рөлдік ойындар, дамытушы ойындар, ұлттық, қимылдық, дидактикалық ойындар ойнау арқылы балаларды жан-жақты дамытуға тәрбиешілер атсалысып жатқанын көруге болады.

Қорытаайтқанда, балабақшадағытаңертеңгілікжаттығулардыңерекшелігі- балалардыдұрысқимылдауғаұйрету.

Бұлжағдайдағыбалалардакөністіктегіорнынбағдарлайбілуі, қимылдыайқын, дәл, тәрбиешіұсынғанекпінде, ырғақта, бағыттаорындауы, әрбаланың, қимылыбүкілжұымныңқозғалысы мен үйлесуіісіп, жетіледі. Таңертеңгілікжаттығудыңұйымдастырушылықжәнетәртіптеушілікүлкенмаңызы бар.

Балабақшаның барлық топтарына күн тәртібіне сәйкес күнделікті бақылау жүргізіледі. Уақытымен орындалуы қадағаланады.



Өрт сөндіру қауіпсіздігі іс-шаралары

Қыркүйек айында «Өрт – бала көзімен», «Өрт туралы не білеміз?» мектепалды «Самұрық», «Қыран», «Қарлығаш» және ересек «Аққу» және «Ақ көгершін» топтары арасында әңгімелесу сағаты өтті. Қазан айында ортаңғы «Ақ сұңқар», «Бүркіт», «Шағала» топтары арасында «Өрт сөндірушілер» тақырыбында сюжетті – желілі ойындар ұйымдастырылды. Қараша айында ересек «Аққу» және «Ақ көгершін» топтары арасында «Өрт қауіпсіздігіне арналған белгілермен таныстыру» тақырыбында әңгімелесу сағаты ұйымдастырылды. Қаңтар айында ортаңғы «Ақ сұңқар», «Бүркіт», «Шағала» топтары арасында «101» тақырыбында ойын сауық ұйымдастырылды. Мамыр айында мектепалды «Самұрық», «Қыран», «Қарлығаш» топтары арасында «Неге мұндай жағдай болды?» тақырыбында әңгімелесу сағаты ұйымдастырылды.



Жол- қауіпсіздігі травмаларынан сақтану нұсқаулығы

Қыркүйек айында барлық топ тәрбиеленушілерінің қатысуымен «Бас аяқты ойлап, бол ұқыпты жолда!» тақырыбында әңгімелесу сағаты және «Жасыл жарық-жол ашық» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Қазан айында ересек «Аққу» және «Ақ көгершін» топтары арасында «Көңілді бағдаршам» тақырыбында ойын-сауық ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында ересек «Аққу» және «Ақ көгершін» топтары арасында «Оның аты бағдаршам, жол сілтейді әрқашан» тақырыбында жарыс ұйымдастырылды. Сәуір айында мектепалды «Самұрық», «Қыран», «Қарлығаш» топтары арасында «Токта, сақтан, жол ашық!» тақырыбында ойын-сауық ұйымдастырылды.

Тіл туралы Занды іске асыру іс-шаралары

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың ана тілін сүйеге, құрметтеуге мүмкіндік жасау, мемлекеттік тілдің мәртебесін асыру, әр түрлі іс-шаралар өткізу арқылы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.

Қыркүйек айында әдіскер Л.Б.Дуйсекулова Қазақстан халқы тілдері фестивалі аясында «Тіл мерекесі-ел мерекесі» тақырыбында ата-аналармен бірлескен іс-шара өткізді. Іс-шараның мақсаты: педагогтер мен ата-аналардың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, қазақ мәдениеті мен дәстүрін насихаттау, бойларына патриоттық сезімді халықтың мәдени асыл мұрасы арқылы қалыптастыру. Іс-шараға ата-аналар, педагогтер және Қазақ әйелдер қауымдастығының мүшелері қатысты.

Тәуелсіз, егемен елдің басты белгілерінің бірі – тіл. Әр халықтың аса бай рухани қазынасы – туған ана тілі. Ұрпағымыздың болашағы жарқын болуы үшін ана тіліміздің қадір-қасиетін өзіміз білуіміз, дәріптеуіміз, насихаттауымыз керек. Халқымыз үшін басты мәселе ұлты, ұлтының тілі,

мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, бір сөзбен айтқанда ұлттық құндылықтары. Тіл – біздің ең қымбат қазынамыз. Біздің тіл - әйгілі би-шешендеріміз, атақты ақын, жазушыларымыз, данагөйлеріміз сөйлеген тіл. Туған тілімізді жете білу арқылы өнер-білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жете аламыз. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде.

Олай болса іс-шарамыздың арнайы қонақтарымен сіздерді таныстырып өтейін:

1. «Қазақ аналары -Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушы, қазақтың салт-дәстүрін насихаттаушы - Айнұр Жүгінісова
2. Бірлестіктің төрайымы - Арыстанқызы Дамира Қалдыбекова
3. Көп балалы ана – Айжан Үсіпбекова
4. Көп балалы ана - Сейткасымовна Зиуар Жұманова
- 5.Қазақ ұлттық киімдерінің дизайнері – Жанар Жаксыгулова



Желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне орай ата-аналармен бірлесе шығармашылық көрме ұйымдастырылып, «Тәуелсіздік – тұғырлы болсын!» тақырыбында апталық өтті.

«Менің Отаным Қазақстан»

Ата-аналармен бірлескер жұмыс 25 қазан Республика күніне арналған көрме Ұйымдастыру уақыты: 23-27.10.2023 жыл аралығы

Мақсаты: Балалардың 25 қазан Республика күні туралы түсініктерін кеңейту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Отанын, туған жерін сүюге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.





Көрмеге барлық топтың тәрбиеленушілері ата-аналарымен бірлесе өте белсене қатысты. Қатысушы балалардың барлығы алғыс хатпен марапатталды.

Педагог кадрлармен жұмыс түрлері

Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасында 2023-2024 оқу жылында 24 педагог жұмыс атқарады.

Барлық педагог	Білімі		Санаты				
	жоғары	арнайы	жоғары	1 санат	2 санат	Педагог-модератор	Санаты жоқ
24	21	3	1	3	3	7	10

Оның ішінде :

Әдіскер-2

Тәрбиешілер -17

Педагог психолог-1

Мектепалды топтарының тәрбиешісі- 6

Музыка пәнінің жетекшісі- 2

Дене шынықтыру пәнінің нұсқаушысы- 2

Біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтер тізімі

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Курс тақырыбы	Өткізілу уақыты
1.	Бердахметова Мадина Сериковна	тәрбиеші	«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» № 0736995 72 академиялық сағат	19.06.2023- 29.06.2023
2	Абдукадирава Анаргүль Абдукадировна	Инновация әдіскері	«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ойын күзінеттілігін дамыту» № 074 00257 72 академиялық сағат	25.09.2023- 05.10.2023
3	Ибраева Айгуль Жәкенқызы	Дене шынықтыру нұсқаушыс ы	ҚР ОАМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК «Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби күзінеттілігі мен дағдыларын дамыту» № 000446 80 академиялық сағат	02.10.2023 13.10.2023
4	Абдалиева А.Ж.	тәрбиеші	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ойын күзінеттілігін дамыту» № 0740826 72 сағат	23.10.2023 02.11.2023
5	Рахметова С.К.	тәрбиеші	«Балаларды ерте дамыту институты РММ» «Мектепке дейінгі тәрбие	04.12.2023 14.12.2023

			мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру» №004803 72 сағат	
6	Андасова Л.Е.	тәрбиеші	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «Абай аманаты» Профессор сабағы №026457 36сағат	14.02.2024 31.05.2024
7	Акниязова Л.Ж.	<i>тәрбиеші</i>	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» № 0859895 72 сағат	26.02.2024- 07.03.2024
8	Дуйсекулова Л.Б.	<i>әдіскер</i>	1.Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «Заманауи педагогтің кәсіби шеберлігін шыңдау» Профессор сабағы №026481 36сағат 2. Тәлімгер мектебінде «Жұмыс орнында оқыту педагогикасы.Тәлімгер мамандарды аттестаттау» №469 16 сағат	29.02.2024- 31.05.2024 11.03.2024- 12 .03.2024
9	Абдирахманова М.Ф.	<i>тәрбиеші</i>	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ «Мкетеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу дағдыларын қалыптастырудағы заманауи тәсілдері» №0860454 72 сағат	26.03.2024- 05.04.2024
10	Андасова Л.Е.	тәрбиеші	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ «Мектепке дейінгі ұйым	01.04.2024- 11.04.2024

			педагогтерінің ойын күзiреттілігін дамыту» №0860769 72 сағат	
11	Мықтыбаева Айнур Дүйсеналықызы	тәрбиеші	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру» № 0861709 72 сағат	22.04.2024- 03.05.2024

Педагог кадрларды аттестациялау

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Берілген санаты	Өткізілу уақыты
1	Туркменбаева Г.Х.	тәрбиеші	Педагог-модератор	01.09.2023
2	Бестаева А.Р.	тәрбиеші	Педагог-модератор	Тесттен өтті
3	Абдирахманова М.Ф.	тәрбиеші	Педагог-модератор	Тесттен өтті
4	Еркенова М.С.	тәрбиеші	Педагог-модератор	Тесттен өтті
5	Абдукадирова А.А.	Инновация әдіскері	Педагог-модератор	Тесттен өтті
6	Мықтыбаева А.Д.	тәрбиеші	Педагог-модератор	Тесттен өтті

Байқауларға қатысқан педагогтар тізімі

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Байқаудың тақырыбы	Өткізілу уақыты
1	Бестаева А.Р.	тәрбиеші	«Өнерлі балақай-2023»	02.10.2023
2	Рашаева Б.А.	тәрбиеші	«Өнерлі балақай-2023»	02.10.2023
3	Мустафақызы М.	тәрбиеші	«Менің отбасымның тарихы-Отанымның	08.12.2023

			тарихы» Республикалық отбасылық шежіре шеруі байқауы «Ұлттық құндылықтарды насихаттаушы отбасы» номинациясын иеленді	
4	Ақниязова Л.Ж.	тәрбиеші	1.Қалалық мәнерлеп оқу байқауы «Тәуелсіз Қазақстан бүлдіршіндерінің- Абай деп соққан жүрегі» «Бас жүлде»	15.12.2023
5	Рахметова С.К. Бершімбаева Н.Б. Әбілбекова А.Х.	Тәрбиеші Музыка жетекшісі	Халықаралық конкурс «Бала шабыты» өнер байқауы II орын	16.12.2023
6	Ақниязова Л.Ж.	Тәрбиеші	Мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Ертегілер елінде» қалалық байқауы «Бас жүлде»	25.01.2024
7	Рашаева Б.А. Сайлаубай А.А.	Тәрбиеші Музыка жетекшісі	Халықаралық конкурс «Бала шабыты» өнер байқауы «Бас жүлде»	11.02.2024
8	Рахметова С.К.	Тәрбиеші	1.Қалалық «Бестемше» ұлттық ойыны Қатысқаны үшін алғыс хат 2. «Астана дарыны» Қалалық «Көркемсөз шебері» мәнерлеп оқу байқауы грамота Мәдібекұлы Саят	13.03.2024 30.04.2024
9	Абдалиева А.Ж.	Тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымның үздік	15.03.2024

			педагогі» қалалық кезеңіне қатысты	
10	Бестаева А.Р.	Тәрбиеші	Қалалық брейн ринг сайысы III орын	02.05.2024
11	Акниязова Л.Ж.	Тәрбиеші	«Жұлдызды жол» олимпиадасы Ақтөреұлы Ислам Аудандық кезеңінен II орын , қалалық кезеңінен грамота алды	18.05.2024

Басылымға мақала жариялаған педагогтар тізімі

№	Педагогтың аты-жөні	Басылым атауы, номері	Мақаланың тақырыбы	Шығу уақыты
1	Дуйсекулова Л.Б.	Педагог жаршысы	«Тіл меркесі – ел мерекесі!»	12.09.2023
2	Рахметова С.К.	Білімдегі жаңалықтар	«Тәуелсіздік»	12.09.2023
3	Дуйсекулова Л.Б.	Білімдегі жаңалықтар	«Тәуелсіздік тұғырлы болсын!»	12.09.2023
4	Дуйсекулова Л.Б.	Республикалық ғылыми-практикалық конференция жинағына жарияланды.	«Қазақстандағы қазіргі мектепке дейінгі білім: тәжірибесі, жағдайы және даму перспективалары» «Мектепке дейінгі ұйымдарда мнемотехника әдісін қолдану»	07.12.2023
5	Дуйсекулова Л.Б.	Республикалық ақпараттық-педагогикалық Елордалық білім газеті №2 (43) 26 ақпан 2024 жыл	«Тәрбие бесігі-балабақша»	26.02.2024

6	Абдирахманова М.Ф.	«Педагог- жаршысы» № 01(31)	«Қош келдің жаңа жыл!»	қаңтар 2024 жыл
7	Муратова М.У.	«Педагог- жаршысы» № 01(31)	«Күз мезгілі тамаша»	қаңтар 2024 жыл
8	Бейсембекова А.Б.	«Педагог- жаршысы» № 04 (35)	«Білім әлеміне саяхат»	сәуір 2024 жыл
9	Ормашова А.Ж.	«Педагог- жаршысы» № 04 (35)	«Біз шыныққан баламыз»	сәуір 2024 жыл

**«Өнерлі балақай - 2023» байқауына төмендегі тәрбиеленушілер қатысып
жүлделі орындарды иеленді**

№	Аты-жөні	Жасы	Байқау атауы	Жетекшісі
1	Ержанова Медина	5 жас	аппликация	Бестаева Асем Рамазановна
2	Биштанковская Алена	5 жас	Тіл туралы тақпақ	Бестаева Асем Рамазановна
3	Алдамжар Анель	5 жас	аппликация	Бестаева Асем Рамазановна
4	Дәулетқызы Жаннұр	4 жас	Абай Құнанбаев өлеңі	Рашаева Ботагөз Асылбековна
5	Сағынбек Назарали	4 жас	мүсіндеу	Рашаева Ботагөз Асылбековна
6	Балтабек Амирхан	4 жас	аппликация	Рашаева Ботагөз Асылбековна
7	Бақытжан Ясин	4 жас	аппликация	Рашаева Ботагөз Асылбековна
8	Қонысбай Айару	4 жас	аппликация	Рашаева Ботагөз Асылбековна
9	Батанова Айя	4 жас	аппликация	Рашаева Ботагөз Асылбековна
10	Мирова Аделя	4 жас	Абай Құнанбаев өлеңі	Рашаева Ботагөз Асылбековна
11	Илачбек Медина	4 жас	аппликация	Рашаева Ботагөз Асылбековна

12	Гайтукиев Давид	4 жас	аппликация	Рашаева Ботагөз Асылбековна
13	Кайратова Амели	4 жас	аппликация	Рашаева Ботагөз Асылбековна
14	Жұмасіл Ақбибі	4 жас	аппликация	Рашаева Ботагөз Асылбековна

Педагогикалық кеңестердің ұйымдастырылуы

1.Тақырыбы:«Жаңа оқу жылына жаңа қадам!»

Мақсаты: «2023-2024 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру»

2.Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»

Мақсаты: қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.

3.Тақырыбы: «Инновациялық технологияларды қолдана отырып ойын арқылы баланың тілдік- танымдық қабілеттерін дамыту»

Мақсаты: жас ерекшеліктеріне сәйкес ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту.

4.Тақырыбы: Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы

Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктерімен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

5.Тақырыбы:«Өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»

Мақсаты: МДҰ де барлық іс – әрекеттер нәтижесін және әр педагогтың жеке ісін қорытындылау, тәрбие – білім беру жұмысының бірнеше түрлерін көрсете алуы, оның нәтижесі. Жыл бойына жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес ұйымдастырылды.







Әдістемелік кеңестердің ұйымдастырылуы

Тақырыбы «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Мақсаты: «2023-2024 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру». Жыл бойына 8 әдістемелік кеңес ұйымдастырылып, педагогтерге әдістемелік көмектер көрсетілді. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық құжаттар», «Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары», «Балалардың тілдік қорларын үй жағдайда қалай дамытуға болады», «Нейроойын-мектеп жасына дейінгі балалардың дамыту құралы ретінде», «Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Ұйымдастырылған іс әрекетінде оларды пайдалана білу», «Мектепке дейінгі мекемеде отбасымен психологтың бірлескен жұмыс түрлері», «Көпшілік жерде өзінді және мәдинетті бола біл!» тақырыптарында психологиялық, әдістемелік ақыл-кеңестер берілді.





Қалалық деңгейдегі іс-шаралардың ұйымдастырылуы

«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН БҮЛДІРШІНДЕРІНІҢ –АБАЙ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ» атты балабақша тәрбиеленушілеріне арналған қалалық байқауының ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 15.12.2023 ж.

1. Қатысқандар: «Абай аманаты» эксперименталды алаңының құрамындағы балабақшалардың тәрбиеленушілері, педагогтері, Астана қаласы әкімдігінің №5 «Ақбота» балабақшасы және ұйымдастырушы Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасының ұжымы .

Комиссия құрамының төрағасы:

1. Мухамеджанова Алма Каиркеновна, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының орынбасары

Комиссия құрамының мүшелері:

2. Ракижанова Айгуль Жакановна, Әдістемелік орталықтың мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің басшысы
3. Смайыл Сандуғаш Серікболқызы, Әдістемелік орталықтың мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің әдіскері
4. Маман Жанар Сейтахметқызы, Әдістемелік орталықтың орта білім беру бөлімінің әдіскері
5. Шаяханова Роза Ақпановна, Әдістемелік орталықтың педагогикалық шеберлік бөлімінің әдіскері
6. Серік Молдабек Рысбекұлы Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» КММ қызметкері, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ақын
7. Алмахан Мұхаметқалиқызы ақын, жазушылар одағының мүшесі, абайтанушы

Комиссия хатшысы:

Дуйсекулова Лаура Беккалиевна, Астана қаласы әкімдігінің № 49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК

Қалалық байқаудың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың бойына

Қалалық байқаудың жоспары:

1. Қонақтарды қарсы алу, тіркеу

2. «Бейбітшілік композициясы» Астана қаласы әкімдігінің №5 «Ақбота» балабақшасы МКҚК

3. Алғы сөз №49 «Алтынай» балабақшасы меңгерушісі Жолбарысова Молдир Айткалиевна

4. Әділқазылар алқасымен таныстыру

5. Қойылым «Бала Абайдың өміріне саяхат»

Мектепалды топ тәрбиеленушілері, тәрбиешілер және музыка жетекшісі Әбілбекова Арайлым Хамитқызы

6. Байқауға қатысушы тәрбиеленушілерді таныстыру

7. «Кесте тігу» биі

7. Мәнерлеп оқу кезеңі

8. «Ұлттық аспаптар» оркестр

9. Мәнерлеп оқу кезеңі

10. «Домбыраның құдіреті» би

11. Марапаттау рәсімі

12. Хор №49 «Алтынай» балабақшасының педагогтерінің орындауында «Желсіз түнде жарық ай» балабақшасының педагогтары және музыка жетекшісі

13. Пікір алмасу. Іс-шараны қорытындылау.





«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бағдарламасын іске асыру


«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бағдарламасын іске асыру жұмыстары бойынша жоспарға сай іс-шаралар жыл бойына ұйымдастырылды. Ашық есік күндері әр айдың соңғы күндері ұйымдастырылып, ата-аналар балабақша әкімшілігінен, педагог-психологінен және мамандардан қажетті кеңестерін алып отырды. Педагог-психолог Т.С.Туякбаева қыркүйек айында «Отбасы бақыт мекені», желтоқсан айында «Баланы жастан..» тақырыбындағы ақыл-кеңесімен бөлісті. Қазан айында «Білімдіге дүние жарық» тақырыбындағы педагогтердің театралдық қойылымы ұсынылды. «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» тақырыбында әдіскер Л.Б.Дуйсекулова ата-аналармен бірлескен жұмысын ұйымдастырды. Барлық топтар арасында «» «Тәлімменен өрілген біздің дәстүр» тақырыбында дәстүрлер отбасылық әлауқатының негізі ретінде көрсету мақсатында ата-аналар арасында челлендж жүргізілді.



«Күз сыйлықтары»

Ата-аналармен бірлескер жұмыс

Алтын күз мерекесіне арналған көрмгебарлық топтар белсене және үлкен қызығушылықпен қатысты. Ата-аналар балалармен бірге шығармашылық қабілеттерін арттырып тіпті видео роликтер әзірледі. Табиғи заттардан түрлі макеттер жасап, тәрбиеленушілер бірінің жасаған жұмысын бірі тамашалап, таңырқап қалды. Көрмеге қатысқан барлық тәрбиеленушілер мадақтамамен марапатталды.





«Армысың Алтын күз!» ертеңгілігі

Мақсаты: Күз мезгілінің өзгерістерін, ерекшеліктерін ұғындыру, мерекелік көтеріңкі көңіл-күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру.

№	Топ атауы	Өткізу уақыты	Жауапты педагогтар
1	«Ақ сұңқар» ортаңғы топ	11.10.2023 09.00-09.20	Абдирахманова М.Ф.
	«Бүркіт» ортаңғы топ	11.10.2023 09.25-09.45	Ормашева А.Ж.
	«Шағала» ортаңғы топ	11.10.2023 09.50-10.10	Мықтыбаева А.Д.
2	«Аққу» ересек тобы	12.10.2023 09.00-09.25	Мұстафақызы М.
	«Ақ көгершін» ересек тобы	12.10.2023 09.30-09.55	Рашаева Б.А.
3	«Самұрық» мектепалды тобы	13.10.2023 09.00-09.30	Рахметова С.К.
	«Қыран» мектепалды тобы	13.10.2023 09.30-10.00	Бейсембекова А.Б.
	«Қарлығаш» мектепалды тобы	13.10.2023 10.00-10.30	Бестаева А.Р.
4	Шағын орталық «Лашын» мектепалды тобы	14.10.2023 09.00-09.30	Акниязова Л.Ж.
	Шағын орталық «Бозторғай» мектепалды тобы	14.10.2023 14.00-14.30	Акниязова Л.Ж.

«Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер»

Ата-аналармен бірлескен іс – шара

Өткізілу күні: 20.03.2024 жыл

Басталу уақыты: 10: 00

1 - кезең: Таныстыру

2 - кезең: Қол өнері

3 - кезең: Отбасылық өнерін көрсету

4 – кезең: Салт-дәстүрге байланысты сұрақ-жауап

№	Қатысушы топтар	Отбасылар тізімі
1	«Бұлбұл» кіші тобы	Саухановтар отбасы
2	«Балапан» кіші тобы	Хамитовтар отбасы
3	«Ақ сұңқар» ортаңғы тобы	Ашировтар отбасы
4	«Самұрық» мектепалды тобы	Жарылғасын отбасы
5	«Қарлығаш» мектепалды тобы	Алшынбаевтар отбасы

Өткізілген орны: №49 «Алтынай» балабақшасының АКТ залы

Мақсаты: Ата - аналар мен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, тәрбиенің үздік үлгілерін насихаттау. Ата - аналардың балабақшамен, тәрбиешімен, басқа ата - аналармен тұрақты қарым - қатынасын қалыптастыру. Балабақша — отбасы - бала қарым - қатынастың тиімді модельдерін құру.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата – аналар және педагогтер! Бүгінгі №49 «Алтынай» балабақшасының ата-аналарымен бірлесе өткелі отырған

«Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер»

сайысына қош келдіңіздер!

Іс-шарамызды бастамас бұрын қатысушы отбасыларды ортаға шақырайық.

Отбасылар өнерін салары анық,

Өнегелі тәлімді алған қанып.

Ал ендеше таныстырып өтейін мен,

Бөлімдерін сайыстың бөліп жарып.,- дей келе сайысымыздың кезеңдерімен таныстыра кетейін

Бүгінгі «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» тақырыбындағыайыс 4 кезеңнен тұрады.

1 - кезең: Таныстыру

2 - кезең: Қол өнері

3 - кезең: Өз өнерін көрсету

4 – кезең: Сұрақ-жауап

Өнерпаздар өнерін салыстырып

Бәйге үшін терлетіп шабыстырып.

Әділдікті қолдайтын баға беріп,

Жібереік қазыларды таныстырып.

Әр кезең 3, 4, 5 деген сандық ұпайларымен бағаланады.

Сайысымыздың кезеңдерімен таныс болсақ қатысушыларымызға әділ бағасын беретін әділқазы алқаларымен таныс болыңыздар...

- 1) №30 мектеп гимназиясының директорының орынбасары: Қайнар Қайратұлы
- 2) Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжінің әдіскері: Жансая Қажыбековна
- 3) №49 «Алтынай» балабақшасының тәжірибелі маманы педагог-психологы Туякбаева Толхын Султановна

Жүргізуші:

Нұр жаусын дарындардың талабына,

Күш бітсін күн айттырар жанарына.

Сәт - сапар ал ендеше біз тілейік

Өнерлі отбасылардың қадамына

Өздеріңіздің қошеметтеріңізбен реттік нөмірлерін анықтау үшін ортаға сайысқа қатысушы отбасыларды шақырайық. *(қоржынна нөмірленген асықты алады.)*

1. Саухановтар отбасы

2. Хамитовтар отбасы

3. Жарылғасын отбасы

4. Алшынбаевтар отбасы

5. Ашировтар отбасы

Отбасыларымыз дайын болғанша балабақшамыздың бүлдіршіндерін **«Домбыра биімен»** ортаға шақырамыз. Қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Ата - бабаларымыз: «Бала - адамның бауыр еті», «Балалы үй – базар»- дейді. Өйткені бала өмірдің жалғасы, отбасы деген алып ағаштың тәтті жемісі. Отбасы – бұл қоғамның негізі. Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі, жан – жақты дамуы, рухани бай, тәрбиелі болуы отбасында және балабақшада берілетін тәрбиеге байланысты екені баршамызға аян. Олай болса :

I. Сәлемдесу - игі дәстүр киелі,

Армысыздар сайыс сүйер ел енді

Жақсы сөзге жан семірер қашанда

Жолданады сайыскерлер сәлемі

Ендеше, сайысымыздың I- кезеңі: «Таныстыру» кезеңіне кезек берейік.

Қашаннан қазыналы халқым менің,

Өнердің өнегелі алтын кені.

Дараланып дарынымен шықсын озып,

Танытып көпшілікке қол өнерін

Олай болса сайысымыздың II- кезеңі: «Қол өнері» кезеңіне кезек берейік.

Құлақтан кіріп, бойды алар

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Өнді сүйсең, менше сүй- деп Абай атамыз жырлағандай

- дей отыра, сайысымыздың III- кезеңі: «Өз өнерін көрсету» кезеңіне кезек берейік.

Тәрбиенің бастауы ыстық ұя,
Біз құрақпыз, ата - ана бір дария.
Ғылым білген ғалым да тағзым ететін,
Отбасы, ошаққасы, ол - жанұя.

Олай болса сайысымыздың ІҮ - кезеңі: «Салт- дәстүрге байланысты сұрақ-жауап» кезеңіне кезек берейік.

Салт-дәстүрге байланысты сұрақ-жауап

1. «Бастаңғы» деген дәстүрдің мағынасын түсіндіріңіз
2. «Байғазы» деген қандай дәстүр?
3. «Сыбаға» беру дегенді қалай түсінесіз?
4. «Тоқым қағар» қай кезде беріледі?
5. «Базарлық» дегеніміз не?
6. «Асар» дегеніміз не?

Әділқазылар алқасының шешімі бойынша:

I орын- Алшынбаевтар отбасы

II орын- Жарылғасыновтар отбасы

II орын- Саухановтар отбасы

III орын- Хамитовтар отбасы

III орын- Ашировтар отбасы жеңіп алып, марапатталды.

«Абай дара, Абай дана»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына Ұлы ақынның баға жетпес мол мұрасын санасына сіңіру және өскелең ұрпақтың ұлттық рухын, патриоттық сезімдерін ояту.

Сайысқа қатысушылар:

1. «Самұрық» мектепалды тобы
2. «Қыран» мектепалды тобы
3. «Қарлығаш» мектепалды тобы
4. «Лашын» мектепалды тобы
5. «Бозторғай» мектепалды тобы





**Ата-аналармен бірлескен жұмыс
Челлендж ұйымдастыру
(Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш)**

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК «Балдырған Гид» жобасына «Қыран» мектепалды тобының тәрбиеленушілері қатысып, өз үлестерін қосты. 2024 жылдың 18 мамыр күні Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Халықаралық музейлер күніне орай «Балдырған гид» жобасы бойынша халқымыздың ғасырлар бойы сақталған бай мұрасы мен дәстүрін халыққа насихаттау мақсатында балабақша бүлдіршіндері өз үлестерін қосты. Балабақшаның әдіскері Дуйсекулова Лаура Беккалиевнаның бастамасымен «Қыран» мектепалды тобының тәрбиеленушілері және тәрбиешілері Бершімбаева Нұрзина Бейбітқызы, Бейсембекова Айнагүл Бейсембековна белсене атсалысып, өз өнерлерін көрсетті.



Ата-аналар жиналыстары жоспарға сай ұйымдастырылып отырды. Күн тәртібінде берілген мәселелер қарастырылып, қажетінше кеңестер берілді.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспарын іске асыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша «Сыбайлас жемқорлықты тудырмайтын себептер мен жағдайлар болдырмау», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу – бүкіл қазақстандық қоғамның маңызды міндеті», «Біздің таңдауымыз – жемқорлықсыз болашақ!», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ерекшеліктері» тақырыбында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды



«Мейірімді анашым» тақырыбындағы мерекелік ертеңгіліктерге анықтама

Мақсаты:

1. Балабақшадағы ертеңгіліктерді өз дәрежесінде ұйымдастыру.
2. Балалардың қуаныш сезімдерін, ертеңгіліктерде өлең оқу, сахналық көріністер ойнау, әндер, ойындар, билер орындауға қатынасу ықласына тәрбиелеу және ертеңгілікте көркемөнердің барлық түрінде белсене қатысуға талпындыру.

Балабақшада мерекелік ертеңгіліктер жоспар бойынша жүзеге асырылуда. Жаңа оқу жылы басталғалы балабақшада бір неше ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Тәрбиешілердің ертеңгіліктерді өткізу деңгейіміне талаптар бойынша талқыланды:

- Ертеңгілікке дайындығы (залды безендіру, ертеңгіліктің үлгі жоспары, билерге арналған құралдар, таңғажайып сәт, балалардың киімдері).
- Балалардың әрекеті: ән айту, өлеңнің сөздерін білу, мәнерлеп айтуы, сахнаға шығу әдісі, би ырғағын дұрыс орындауы, ойынның шартын білуі, ойнай алуы.
- Жүргізуші-тәрбиешінің әрекеті: жүргізушілік шеберлігі, ертеңгіліктің ретін білуі, киім, кіру, шығу әдісі, мәнерлеп сөйлеуі, балаларды басқара білуі.
- Ертеңгіліктің тақырыпқа сәйкестігі.

«Мейірімді анашым!» ертеңгілігінің ұйымдастырылу кестесі

№	Топ атауы	Өткізу уақыты	Жауапты педагогтер
1.	«Аққу» ересек тобы	01.03.2024 9:00	Әбілбекова А.Х. Бердахметова М.С. Қосбармахова А.Р.
2	«Самұрық» мектепалды тобы	01.03.2024 9:40	Әбілбекова А.Х. Рахметова С.К.
3	«Қыран» мектепалды тобы	01.03.2024 10:20	Әбілбекова А.Х. Бейсембекова А.Б. Бершімбаева Н.Б.
4	«Қарлығаш» мектепалды тобы	01.03.2024 11:00	Әбілбекова А.Х. Бестаева А.Р. Абдалиева А.Ж.
5.	Шағын орталық «Лашын» және «Бозторғай»	01.03.2024 12:00	Әбілбекова А.Х. Акниязова Л.Ж.
1	«Бұлбұл» кіші тобы	04.03.2024 10:00	Сайлаубай А.А. Туркменбаева Г.Х.
2	«Балапан» кіші тобы	04.03.2024 10:30	Сайлаубай А.А. Муратова М.У. Еркенова М.С.
3	«Ақ көгершін» ересек тобы	04.03.2024 11:00	Сайлаубай А.А. Рашаева Б.А.
1	«Бүркіт» ортаңғы топ	05.03.2024 9:00	Сайлаубай А.А. Ормашова А.Ж. Сарекина К.Т
2	«Ақ сұңқар» ортаңғы топ	05.03.2024 9:30	Сайлаубай А.А. Абдирахманова М.Ф. Андасова Л.Е.

«Аққу» ересек тобының тәрбиешілері М.С. Бердахметова және А.Р.Қосбармахова 01.03.2024 жылы «Мерекеңмен анашым» тақырыбында мерекелік ертеңгілік ұйымдастырды. Тәрбиеші залдың ортасына келіп аю

болып ұйықтап жатты. Екінші кейіпкер ара болып келіп бал жинап берді. Балалар музыка әуенімен қолдарына гүл ұстап, ырғала билеп шықты. Қонаққа көктем ханшайымы келіп, балалар «Көктем» әнін шырқады. Көктем ханшайымы балаларға ойын ойнатты. Балалар аралар биін билеп, аналарына арналған тақпақтарын айтып берді. Қыздар көбелектер мен гүлдер биін билеп беріп, ара мен Көктем ханшайымын шығарып салды. Аю ата-аналармен ойын ойнатып, мерекелік дастархан әзірлетті. Ертеңгілікті «Апатайым, анашым» әнімен аяқтады. Педагог ертеңгіліктің жан-жақтан нұсқауларын ескере отырып, алға қойған мақсатын шындауда. Жоғарыда айтылып кеткен талаптар бойынша алдын-ала жасалынатын жұмыстарды ұйыдастырып, балалардың белсенділігін артырып, балалар өлеңдерін жатқа мәнерлеп айтуы, әр қайсысына тапсырма орындатқызу арқылы мерекелік сезімдерін оятып тәрбиелеуде. Ертеңгіліктің құрамы (кейіпкерлері, ойындар) және реті сақталып жүргізілуде, дауыс ырғағымен балаларға күш бере отырып қызықты ұйымдастыруда. Тәрбиешілер дауыс ырғағы, өзін дұрыс ұстауы, педагогикалық стилімен ертеңгілікті **жақсы**, көріктендіріп алып шықты.

Ұсыныс:

- балалардың билер алдында қажетті құралдарын алдын ала дайындау, ойынның құралдарын ертерек дайындап тұруды ұсынамын. Ойынға екі ана шығатын болғандықтан екі парта қою ерек еді.
- кейіпкерлер перденің артында тығылып тұрмай, ортада балалардың арасында тұруы қажет.

«Самұрық» мектепалды тобының тәрбиешісі С.К.Рахметова «Күлмес ханшайымның хикаясы» тақырыбында мерекелік ертеңгілік ұйымдастырды. Зал ортасында хан отырып уәзірлерін шақырып халықты жинап, қызымның көңілін көтеріңдер деп,- бұйрық береді. Балалар ертеңгілік тақырыбына сай киінген. Музыкамен залына билеп кіреді. «Әже» туралы тақпақтарын айтып, «Қош келдің, Көктем» әнін орындады. Қыздар аналарына тақпақтарын арнап, «Құстар» биін биледі. Аналармен «Өз балаңның суретін сал!» ойыны ойнатылды. «Әжетайым» әнін орындап, ұлдар «Ханзадалар» биін билеп ханның қызының көңілін тапты. Балалар ортаға шығып «Мама» әнімен ертеңгілікті аяқтады.

Ұсыныс:

- балаларды қандай жағдай болмасын қолмен ұстап , тартуға болмайды;
- тақпаққа шақырғанда барлық баланың атын атап шақырмауға дағдылану қажет;

«Қыран» мектепалды тобымен тәрбиеші Н.Б.Бершімбаева және А.Б.Бейсембекова «Аяулы анашым» тақырыбында мерекелік ертеңгілікті ұйымдастырды. Тәрбиешілер ертеңгілікке келген аналарды мерекемен құттықтады. Балалар әсем әуенмен ырғала билеп шығып аналарға арналған тақпақтарын айтты. «Көктем» әнін шырқап, ортаға Көктем ханшайымы келді. Балаларға жылы лебізін айтып, өз жылуын сыйлады. Балалар оған «Көктем вальсін» билеп берді. «Қош келдің көктем» әнін шырқап, Көктем ханшайымымен «Қолшатыр» ойынын ойнады. Бойларын сергітіп алып Көктем аруымен қоштасты. Қыздар әдемі билерін билеп, тақпақтарын тарту етті. Аналармен ойын ойнатылып, ұлдар

«Джентельмендер» биін биледі. 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай аналарына өз алғыстарын білдірді. Барлығы хормен «Ана» әнін шырқаумен ертеңгілікті аяқтады. Педагог өзінің дауыс ырғағымен, өзіндік ұстанымымен жоспардан ауытқымай, берілген уақытта ертеңгілікті өз деңгейінде **жақсы** ұйымдастырып шықты.

Сондай-ақ **«Қарлығаш»** мектепалды тобының тәрбиешісі А.Ж. Абдалиева және А.Р.Бестаева «Аналар мәңгі жасасын!» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілікті ұйымдастырды. Педагог жан-жақты дайындалғаны көрініп-ақ тұр. Балалар тақырыпқа сай киінген. «Қуанышым, данашым» әнін шырқап, тәрбиешілер ертеңгілікке келген аналарды мерекемен құттықтады. Көктем ханшайымын күтіп тұрғанда ортаға Мыстан кемпір келді. Мыстанның сиқырынан ханшайымды шығару үшін балалар тақпақтарын айтып берді. Қыздар «Испан» биін билеп Мыстанның көңілін аулап, шығарып салды. Балалар «Ертегі» әнін шырқап залға Көктем ханшайымы келді. Аналар мен балаларды көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтап жылы лебізін білдірді. Қонаққа келген аналармен ойын ойнады. Балалар аналарға арналған тақпақтарын айтып, «Анамның бір күні» тақырыбындағы қойылымын көрсетті. Ұлдар би билеп, «Әдемі ана» әнін шырқады. Көктем ханшайымы құттықтауын айтып балалармен қоштасты. Ертеңгілік барысында барлық бала қамтылған, сөйлеменег, рөлге енбенен бала жоқ. Барлығы үйлесімді, талапқа және балалардың жас ерекшелігіне сай **жоғары** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныс:

- педагогтер шаштарын жинап шығу керек;
- балалардың тақпақтарын ұмытқан жағдайда басын айтып жіберу қажет;
- тақпаққа шығу және бас иіп қайту тәртібін пысықтау керек;

Шағын орталықтың «Лашын» және «Бозторғай» мектепалды тобының тәрбиешісі Л.Ж.Акниязова «Аяулы анам, жан анам» тақырыбында ұйымдастырды. Балалар тақырыпқа сай кінген, өте белсенді. Ертеңгілікті балалар өздері жүргізіп, актерлік шеберліктерін шыңдады. Педагог ата-аналарды құттықтап, бағыт-бағдар беріп қана тұрды. Ұлдар әсерлі биімен шығып, қыздарды күтіп алды. Аналарына арнаған тақпақтарын айтып, «Көктем» әнін шырқады. Аналардың бірі Көктем ханшайымы болып келіп қыздар мен аналарды құттықтады. Ұл балалар аналарымен би биледі. Қыздар әжелеріне арналған тақпақтарын айтып, «Әже» әнін шырқады. Аналарға арналған тақпақтарын айтып, билерін тарту етті. Көктем ханшайымы аналарды ортаға алып «Өз балаңды танып ал!» ойынын ойнатты. Ұл балалармен «Кір жаю» ойынын ойнатып, бойларын сергітті. Ертеңгілікті ағылшын тіліндегі «Ана» туралы әнімен аяқтап, аналарға арнап жасаған сыйлықтарымен бөлісті. Ертеңгілік жоспарға және жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды.

Ұсыныс:

- Көктем ханшайымы рөлге ене алатын адам болуы қажет;
 - жоспарды жатқа білу керек немесе реттілігін гүлге жазып алу керек;
- «Бұлбұл»** кіші тобының тәрбиеленушілерімен Г.Х.Туркменбаева «Ана-аса қымбат жан» тақырыбында ұйымдастырды. Тәрбиеші қыздар мен аналарды құттықтады. Әдемі киінген балалар залға музыка әуенімен жұптасып кірді.

Ғажайып сәтке гүл қауырсынының ішінен кәмпит қыз шықты. Ол өзінің тапсырмаларымен балалардың өнерін ортаға салды. «Анашым» әнін орындады. Қыздар ортаға шығып «Әдемі» биін биледі. «Себетке гүл жинау» ойынын ойнады. Жалпы ертеңгілік балалардың жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылды.

Ұсыныс:

- ойын барысында балаларды ортаға екі бөліп шығару керек;
- педагог аяқ киісі үшкір, биік өкшелі болмауы қажет;

«**Балапан**» кіші тобымен тәрбиеші М.С.Еркенова және М.У.Муратова «Аяулы анашым» тақырыбында мерекелік ертеңгілік ұйымдастырды. Тәрбиеші аналар мен қыздарды мерекемен құттықтап, балалар ертеңгілікті әсем аспаптармен билеп бастады. Сахна ортасындағы гүл қауырсынынан қуыршақ Алтынай шығып, өз құттықтауымен бөлісті. Қыздармен қуыршақтар биін билеп, Сайқымазақты қарсы алды. Сайқымазаққа «Анашым, ана» әнін айтып берді. Балалардың көңілін көтеру үшін әуенді «Орамал» ойынын ойнатты. Көктем ханшайымы келіп, балалар оған тақпақтарын арнады. Ұл балалар гүлдермен би билеп, Көктем ханшайымымен қоштасты. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Екі педагог арасында байланыс бар. Балалардың өзін-өзі ұстауы қалыпты болды.

Ұсыныс:

- педагог кейіпкерлермен кезектесіп сөйлеуді әдетке айналдыруы керек;
- аяқ киімдерінің басы жабық болуы тиіс;

«**Ақ көгершін**» ересек тобымен тәрбиеші Б.А.Рашаева «Аналар асыл қазынам» тақырыбында мерекелік ертеңгілік ұйымдастырды. Ертеңгілік көлеңкелі театрмен, әдемі қойылыммен басталды. Қыздар «Асыл ана» әніне би биледі. Ұлдар қолдарына гүл шоқтарын ұстап шығып, қыздарға сыйлады. Барлығы хормен «Мерекеңмен ана» әнін шырқады. Аналарына арналған тақпақтарын айтып, әсем әуенмен ортаға Көктем ханшайымы келді. Балалар оған «Көктем» әнін айтып берді. Аналардың көңілін көтеріп, «Шаштараз» қойылымын қойып, қыздар би биледі. Әжелерді қуанту үшін ұл балалар «Әжелер» қойылымын қойып, «Әже» әнін шырқап, тақпақтарын тарту етті. «Ана» әніне вальс билеп, аналарына арнайы жасаған жүрекшелерін сыйға тартты. Ертеңгілік жоғары деңгейде өтті.

Ұсыныс:

- ертеңгіліктің жоспарын А4 форматта ұстамай, кішірейтіп алу;
- ата-аналармен ойын ойнату керек;
- іс-әрекеттер арасында үзіліс болдырмауды қадағалау;
- педагогтің киімі тізеден төмен, кеудесі жабық, жинақы болу қажет;

«**Бүркіт**» ортаңғы тобымен тәрбиеші К.Т.Сарекина мен А.Ж. Ормашева «Аяулы анашым» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырды. Балалар залға әдемі әуенмен кірді. «Анашым, ана» әнін шырқады. Музыка әуенімен Көктем ханшайымы келіп аналарды мерекемен құттықтады. Аналарына арналған тақпақтарын айтып берді. Әсем әуенмен ортаға сайқымазақ шығып, балаларға қуаныш сыйлады. Ата-аналармен ойын «Гүл сыйлау» ойыны ойнатылды. Ойынды ұлдармен, қыздармен екі рет қайталап ойнатты.

«Қуыршақтар» биін қыздар тамаша билеп шықты. Ұлдар әжелеріне арналған тақпақтарын айтып, билерін билеп берді. «Әжемнің шәйі» әнімен аяқтады.

Ұсыныс:

- көктем ханшайымы келіпті демей , балаларға ғажайып сәт қылу қажет;
- балалар әннің сөзін білмейді, «Әжемнің шәйі» әнін айтқанда балаларға кесе жетпей қалды;
- тақпаққа шыққан балалардың аттарын толық атап шақырудың қажеті жоқ;
- балалар өздері кімдермен шығатынын білуі тиіс;

«**Ақ сұңқар**» ортаңғы тобымен тәрбиеші М.Ф.Абдирахманова және Л.Е. Андасова 24 баламен «Ана өмір шуағы» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен (көбелектер, гүлдер және ұлдар) шықты. «Анашым» әнін шырқады. Әнді өз дауыстарымен айтты. Қолдарына гүл ұстаған ұл балалар би биледі. Ғажайып музыка әуенімен ортаға Көктем ханшайымы шығып, аналарды мерекемен құттықтады. Аналарына арналған тақпақтарын тарту етті. Ғажайып сәтке сайқымазақ келіп, балаларды қуантты. Көбелектер би билеп, Көктем ханшайымымен қоштасты. Сайқымазақ аналармен ойын ойнатты. Аналар кәмпиттерден моншақ тізіп, қыздарына кигізді. Ойын қызықты өтті. Сайқымазақ балалармен қоштасып, қыздар би биледі. «Әжемнің шәйі» әнімен ертеңгілікті аяқтады.

Ұсыныс:

- үзіліс болмау үшін атрибуттарды алдын-ала дайындап тұру қажет;
- биге шыққанда балалар орындарын білуі қажет;
- тәрбиеші гүлдерді теріп алғанша, кейіпкерлер балалардың назарын өзіне аудару қажет;
- кейіпкерлердің дауыс ырғағы үнемі өзгеріп отыру керек;

«**Шағала**» ортаңғы тобымен тәрбиеші А.Д.Мықтыбаева 21 баламен «Мейірімді анашым» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырды. Тәрбиеші аналарды құттықтап жылы лебізімен бөлісті. Балалар аналарына тосын сый болып залдың ортасында тұрған қораптан шықты. Балалар жүрекшелермен би билеп, орындарына тұрды. «Анашым, ана» әнін шырқап, «Гүлдер» биін биледі. Ғажайып сәтке көктем ханшайымы гүлдің ішінен шығып, балаларды қуантты. Балалар әжелеріне арналған тақпақтарын тарту етіп, қыздар «Көбелектер» биін биледі. Ұлдармен «Гүл сыйлау» ойыны ойнатылды.


Ұсыныс:

- балалар аналарына жүгіріп, жыламауын қадағалау;
- ертеңгіліктің жоспарын А4 форматта ұстап шықпай көлемін кішірейтіп алу қажет;
- ата-аналармен ойын ойнату қажет;

Қорытынды:

1. Алдағы ұйымдастырылатын ертеңгіліктің шығармашылық мазмұнына (сахналық қойылымдар, таңғажайып сәттер қызықты болуы,қызықты ойын-сауықтар, кейіпкерлер және ата-аналармен міндетті түрде ойындар) жоспарлансын.
2. Балалардың тәртібі, келбеті, ертеңгіліктің тақырыбына сай және дұрыс басқара білуі.

3. Ертеңгіліктің жас ерекшелігіне қарай уақытты қатаң түрде сақтау.
4. Безендіру жұмыстары ескертусіз орындау қажет.
5. Балалардың мерекелерге дайындыққа белсене қатысуын мадақтау, қуанышты сезімді, бірігіп жасаған әрекеттен, нәтижелі орындалған тапсырмалардан алған рақаттану сезімдерін, шыдамдылық көрсетуін қолдау қажет.
6. Тәрбиешінің мерекелік ертеңгіліктің ретін жатқа білу қажет;
7. Ертеңгіліктің құрал-жабдықтарын алдын ала дайындау қажет;
8. Балалардың тәртібі: жүру, тұру, отыру, ән айту, дауыстап мәнерлі өлең айту.







«Ғарыш әлемі» тақырыбында ата-аналармен бірлескен жұмыс көрме ұйымдастырылып, тәрбиеленушілерге «Ғарыш әлеміне саяхат» тақырыбында тақырыптық сағаттар ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



«Қош келдің, Жаңа жыл!» ертеңгілігінің анықтамасы

2023 жылдың 26-29 желтоқсан аралығында бекітілген кестеге сай мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Ертеңгілікті ұйымдастырудың мақсаты тәрбиеленушілерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау, шығармашылық қабілеттерін арттыру, ортада өзін дұрыс ұстай білуге, достарының алдында жасқанбай тақпақ айтып, қойылымдарда өзін еркін сезінуге, би билеп, ән айтуға үйрету болып табылады.

№	Топ атауы	Өткізу уақыты	Жауапты педагогтер
1	«Балапан» кіші тобы	26.12.2023 9:30	Муратова М.У. Еркенова М.С.

	«Бұлбұл» кіші тобы	26.12.2023 10:00	Туркменбаева Г.Х.
2	«Шағала» ортаңғы топ	28.12.2023 9:00	Мықтыбаева А.Д.
	«Ақ сұңқар» ортаңғы топ	28.12.2023 9:30	Абдирахманова М.Ф. Андасова Л.Е.
	«Бүркіт» ортаңғы топ	28.12.2023 10:00	Ормашова А.Ж. Сарекина К.Т.
	«Ақ көгершін» ересек тобы	28.12.2023 10:30	Рашаева Б.А.
3	«Аққу» ересек тобы	29.12.2023 9:00	Бердахметова М.С. Мустафақызы М.
	«Қарлығаш» мектепалды тобы	29.12.2023 9:30	Бестаева А.Р. Абдалиева А.Ж.
	«Самұрық» мектепалды тобы	29.12.2023 10:00	Рахметова С.К.
	«Қыран» мектепалды тобы	29.12.2023 10:30	Бейсембекова А.Б. Бершімбаева Н.Б.
	Шағын орталық «Лашын» мектепалды тобы	29.12.2023 11.00	Акниязова Л.Ж.
	Шағын орталық «Бозторғай» мектепалды тобы	29.12.2023 13.00	Орман А.К.

26 желтоқсан күні сағат 9.30-да «Балапан» кіші тобы мерекелік ойын-сауықты 22 баламен тәрбиеші Муратова Маржан Укибаевна бастады. Балалар залға музыка әуенімен билеп кіріп, тәрбиеші құттықтау сөзін айтты. «Топ-топ басайық» әнін айтып, ұл балалар «Аққала» биін биледі. Музыка әуенімен залға ғажайып сәтке боранның даусымен дөңгеленіп аққала келді.

Балалармен амандасып, мерекемен құттықтап, «Күн мен түн» қимылды ойынын ойнады. Ойыннан соң аққала балалармен қоштасып, залға музыка әуенімен Аяз ата мен ақшақар келді. Балаларды мерекемен құттықтап, сағынышын білдірді. Балалар шеңберге тұрып Аяз атаға ән шырқап, тақпақтарын арнады. Қыздар «Шыршалар» биін билеп берді. Тәрбиешілер қорытынды сөздерін айтып ойын-сауықты аяқтады. Жалпы балалар белсене атсалысты, қызығушылықтары жоғары болды. Педагог жоспарын балалардың жас ерекшелігіне сай құрған. Дегенімен де ауырып отырған екіқыз бала жылап отырғандықтан балалардың назарын соларға ауып отырды. Ойын сауық *орташа* деңгейде өтті.

Ұсыныс:

-алдағы іс-шараларда ауырған балалардың ата-аналарымен алдын-ала жұмыстар жүргізіп отыру;

- ертеңгіліктерге баланың көңіл-күйін бұзбай алып келуге жағдай жасау;

26 желтоқсан күні сағат 10.30-да «Бұлбұл» кіші тобы мерекелік ойын-сауықты 21 баламен тәрбиеші Туркменбаева Гаухар Хусаинқызы бастады. Балалар залға музыка әуенімен билеп кірді. Музыка әуенімен залға қу түлкі келді. Балаларды мерекемен құттықтап, ортаға Аяз ата мен ақшақарды шақырды. Балалар Аяз атамен бірге сиқырлы сөз айтып, шырша шамын жақты. «Шырша жыры» әнін айтып, ақшақарға тақпақтарын тарту етті. Музыка ырғағымен залға қоян келді. Балаларды құттықтап, «Сәбіз жинау» қимылды ойынын ойнатты. Ұлдар «Аяз ата» биін билеп, «Қар жинау» ойынын ойнады. Балалар қоян, түлкі, Аяз ата және ақшақармен қоштасып, жаңа жыл ұлу жылын қарсы алды. Ұлу жылы балаларды мерекемен құттықтап, ақ тілегін айтты. Ойын-сауық *орташа* деңгейде өтті. Балалар шашыраңқы болғанымен педагог қызығушылықтарын оята білді. Ақшақар мен ұлу топ балаларынан алынған.

Ұсыныс:

- педагог жоспарын ұмытып қалмау үшін А4 форматта емес, басқаша кіші форматта ұстауға болады;
- атребуттарды пакетпен емес арнайы себеттермен немесе әдемі қораптармен алып шығу керек;

28 желтоқсан күні сағат 9.20-да «Шағала» ортаңғы тобы ертеңгілікті 25 баламен тәрбиеші Мықтыбаева Айнур Дүйсеналықызы ұйымдастырды. Балалар музыка залына әсем әуенмен кіріп орындарына жайғасты. «Жаңа жыл» әнін айтып, қонаққа сиқыршы келді. Сиқыршымен бірге шыршаның шамын жақты. Балалар сиқыршыға жаңа жылдық тақпақтарын айтып, «Аққала» биін билеп берді. Әуенді естіген Аққала қонаққа келіп балаларды мерекемен құттықтады. Аққала балалармен «Қар жинау» ойынын ойнады. Осы сәтте Аяз ата мен ақшақар келді. Балалар Аяз атаға арналған тақпақтарын айтып, сиқырлы таяғымен қимылды ойын ойнады. Аяз атамен бірге «Қар жауды» әнін шырқап, шығарып салды. Қыздар «Ақшақар» биін билеп ертеңгілікті аяқтады. Педагог жоспарды балалардың жасына сай құрған. Балалар белсенді қатысты. Әннің сөзін жатқа біліп тұр, дегенімен әннің барлығын жазбаға қосылып (плюспен) айтты. Жоспарды А4 форматта ұстап шықты. Жалпы ертеңгілік *орташа* деңгейде өтті.

Ұсыныс:

- педагог жоспарын ұмытып қалмау үшін А4 форматта емес, басқаша кіші форматта ұстауға болады;
- балаларды тақпаққа, әнге тұрғызу кезінде қолынан тартуға болмайды, тек қолды созып баланың атын атап көрсетуге бейімделу қажет;
- педагог персонаждар сөйлеп жатқанда жағаласып сөйлемей, сөзінің соңын күту қажет;
- тәрбиеші көмекшілерінің киіміне мән беру керек; (көмекші аяқ киімсіз ортаға шықты)

28 желтоқсан күні сағат 10.00-де «Ақ сұңқар» ортаңғы тобы ертеңгілікті 20 баламен тәрбиеші Абдирахманова Мадина Фахриддиновна ұйымдастырды.

Балалар қоян, аю, пингвиндер болып киініп, музыка әуенімен билеп кіріп орындарына жайғасты. Тәрбиеші ата-аналарды, қонақтарды жаңа жыл мерекесімен құттықтап, балаларды «Жаңа жыл» әніне шақырды. Балалар әнді шырқап, жаңа жылдық тақпақтарын айтып берді. Қояндар би билеп, қимылды ойындар ойнады. Аяз ата мен ақшақардың рөлдерін ата-аналары ойнады. Аюлар өздерінің жаңа жылдық тақпақтарын айтып, билерін биледі. Пингвиндер ортаға шығып тақпақтарын айтып, билерін биледі. Ақшақарға арнап ән айтып, Аяз атадан сыйлықтарын алды. Балалар өте белсенді. Педагог жоспарды балалардың жасына сай құрастырған. Дауыс ырғағын өзгерте отырып балалардың қызығушылығын арттыра білді. Жоспарының реттілігін кішкентай ойыншыққа жапсырып алған. Ертеңгілік *жоғары* деңгейде өтті.

Ұсыныс:

- Аюлар биінде балаларға қасықтар жетпей қалды, алдағы уақытта әрбір қажетті атрибуттарды түгендеп алу қажет;

28 желтоқсан күні сағат 11.00-де «Бүркіт» ортаңғы тобы ертеңгілікті 18 баламен тәрбиеші Сарекина Күміс Танатқановна және Ормашова Айнұр Жанабаевна ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен ортаға шығып, «Жаңа жыл» әнін тарту етті. Ғажайып сәтке қонаққа қоян келіп балаларды мерекемен құттықтады. Балалар жаңа жылдық тақпақтарын айтып, ұлдар би билеп берді. Қоянмен бірге қимылды ойын ойнады. Музыка ырғағымен Аяз ата, ақшақар (рөлдерде ата-ана ойнады) келіп ата-аналарды, балаларды мерекемен құттықтады. Қыздар «Шырша» биін билеп, Аяз атаның сиқырлы таяғымен қимылды ойын ойнады. «Қар жауды» әнін шырқады. Тәрбиеші ата-аналармен «Кімнің көзі?» ойынын ойнатты. Аяз атамен бірге балалар сиқырлы сөзді айтып, шыршаның шамын жағып, шыршаға арналған тақпақтарын айтты. Жалпы ертеңгілік *орташа* деңгейде өтті. Музыкалар (плюспен) жазбаға қосылып айтылды. Ойын барысында ойынның шартын түсіндіргеннен кейін балаларды екі топқа бөліп (қар және сәбіз жинау) ойнату керек еді. Балалар ертеңгілік барысында ата-аналарға жүгіре берді. Бір үйден 2-3 кісіден келген, бала-шаға шуылдап тақпақтары естілмеді.

Ұсыныс:

- орысша сөздерді қолданбау керек; (елка, молодец, т.б)
- ата-аналармен алдын-ала жұмыс жүргізу қажет;

29 желтоқсан күні сағат 9.00-де «Аққу» ересек тобы ертеңгілікті 25 баламен тәрбиеші Бердахметова Мадина Сериковна ұйымдастырды. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Балалар музыка залына билеп кіріп орындарына жайғасты. «Жаңа жыл» әнін шырқап бастады. Қонаққа аққала келіп балаларды мерекемен құттықтады. Ұлдар аққалаға «Аққала» биін билеп беріп, тақпақтарын арнады. Аққала балалармен бірге «Қар күреу» ойынын ойнады. Аққала ізгі тілегін айтып, қоштасты. Тәрбиеші ата-аналармен ойын ойнады. Фея қыздардың сиқырлы таяқшаларымен Ақшақарды ортаға шақырды. Музыка әуенімен Аяз ата келді балаларды

күттықтап, шырша шамын жақты. Феялар Аяз ата мен ақшақарға би билеп берді. Ұлдар жаңа жыл туралы тақпақтарын айтып, әсем әндерін шырқады. Тәрбиеші өзін өте байсалды ұстады. Балаларда артық қозғалыссыз өздерін жайлы сезінді. Ертеңгілік *жоғары* деңгейде өтті.

Ұсыныс:

-педагог жоспарын ұмытып қалмау үшін А4 форматта емес, басқаша кіші форматта ұстауға болады;

29 желтоқсан күні сағат 10.00-де «Қарлығаш» мектепалды тобы ертеңгілікті 25 баламен тәрбиеші Абдалиева Альмира Жаңабергенқызы және Бестаева Асем Рамазановна екеуі ұйымдастырды. Балалар өздері жүргізуші болды. Басқа балалар ортаға флешмоб билеп шықты. «Жаңа жыл» әнін шырқап, тақпақтарын жарыса айтып шықты. Сиқырлы қорапша тауып алды. «Ай мен күн» қойылымын қойды. Балалар қимылды ойын ойнап, бойларын сергітіп алды. Қонаққа Ғаламшарлық (инопланетян) келді. Ұлдар онымен бірге би биледі. Музыка әуенімен Аяз ата мен ақшақар келіп, шырша шамын жақты. Тақпақтар айтып Аяз атаның көңілін аулады. Балалар шеңберге тұрып «Аяз ата, Ақшақар» әнін шырқады. Ата-аналармен ойын ойнатылып, қыздар «Жұлдызшалар» биін биледі. Тәрбиешілер жоспарды өте қызықты етіп құрастырған, жатқа біледі. Балалар да, ата-аналар да өте белсенді. Ертеңгілік *жоғарғы* деңгейде өтті.

29 желтоқсан күні сағат 11.00-де «Самұрық» мектепалды тобы ертеңгілікті 27 баламен тәрбиеші Рахметова Салтанат Кадрияевна ұйымдастырды. Балалар мерекеге сай киінген. Ақшақардың рөлін тәрбиеленуші Жансая ойнады, Аяз атаның рөлін ата-ана ойнады. Балалар музыка әуенімен ортаға шықты. «Жаңа жыл» әнін шырқап, сахналық қойылым қойды. Ұлдар «Барабан» би билеп берді. Қонаққа мыстан кемпір келіп ата-аналармен ойын ойнатты. Ақшақар скидкамен ойыншық алуға келді. Музыка әуенімен аяз ата ортаға шығып, шырша шамын жақты. Балалар шеңберге тұрып, «Шырша» әнін шырқады. Балалар жаңа жылдық тақпақтарын айтып, қоян жылын шығарып салды. Қыздар ортаға шығып «Микемаустар» биін биледі. Ортаға Ұлу жылы келіп балаларды және ата-аналарды жаңа жылымен күттықтады. Қыздар «Ақшақарлар» биін билеп ертеңгілікті аяқтады. Жоспар қызықты құрылған, балалардың барлығы қойылымға қатысты. Балалар жүргізуші болды. Ата-аналар белсене ойын ойнады. Ертеңгілік *жоғары* деңгейде ұйымдастырылды. Тәрбиеші жоспарды жатқа біледі, балалар өздерін еркін ұстап, өз рөлдерін шебер ойнап шықты.

29 желтоқсан күні сағат 12.00-де «Қыран» мектепалды тобы ертеңгілікті 21 баламен тәрбиеші Бершімбаева Нұрзина Бейбітқызы ұйымдастырды. Ертеңгіліктің жоспары қызықты балалардың жасына сай құрылған. Балалар ортаға би билеп шықты. Тәрбиеші мерекелік күттықтауын айтып, балалар

«Ақ қар» әнін шырқады. Жаңа жылдық тақпақтарын айтып, музыка әуенімен кіріп келген Мыстан кемпірді қарсы алды. Мысан кемпір балаларға өзінің ренішін білдіріп жатқанда ғаламшарлық келді. Ол өзінің сыйлық әкелгенін айтты. Ақшақар келіп қыздармен «Ұлпақарлар» биін биледі. Балалар тақпақтарын айтып, қыздар испан биін биледі. Ортаға Аяз ата келіп, балаларды құттықтады. Балалар «Құтқарушылар» биін билеп, Аяз атамен ірге шырша шамын жақты. Аяз атаның сиқырлы таяғымен қимылды ойын ойнап, сыйлықтарын тарту етті. Музыка жетекшісі әнді пионинамен сүйемелдеп, жанды дауыста ән айтты. Балалар өте белсенді. Ертеңгілік *жоғарғы* деңгейде ұйымдастырылды.

29 желтоқсан күні сағат 13.00-де «Лашын» мектепалды тобы ертеңгілікті 10 баламен тәрбиеші Акниязова Любовь Жаксымуратовна ұйымдастырды. Жоспары ерекше, «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі желісінде құрылған. Балалардың өте белсенді, өз рөлдерін жасына сай алып шықты. Қойылым «Жаңа жыл» әнімен басталды. Музыка әуенімен Аяз ата мен ақшақар ортаға шығып өз құттықауларын айтты. Қыздар «Ақшақарлар» биін билеп, ұлдар Аяз атаға арналған тақпақарымен бөлісті. Балалар шеңберге тұрып «Көңілді оркестрлерін» ұсынды. «Мұз қат» қимылды ойынын Аяз атамен бірге ойнады. Ұлдар би билеп, қойылымды соңына жеткізді. Тәрбиеші жоспарын жатқа біледі, балалар өз рөлдерін жақсы сомдап шықты. Ертеңгілік *жоғары* деңгейде ұйымдастырылды.

29 желтоқсан күні сағат 13.00-де «Бозторғай» мектепалды тобы ертеңгілікті 10 баламен тәрбиеші Орман Айнагүл Күмісбековна ұйымдастырды. Жоспары ерекше, «Әуежайдағы жаңа жыл». Балалар залға билеп кіріп тақпақтарын айтып орындарына жайғасты. Музыка әуенімен ортаға Маша қыз шықты. Балаларды мерекемен құттықтап, «Аяз ата» әнін шырқады. Қимылды ойын ойнап, Аяз атаны шақырды. Аяз ата мен ақшақар келіп шырша шамын жақты. Балалар жаңа жылдық тақпақтарын айтып, «Жаңа жыл» әнін шырқап берді. Көңілді оркестрде ойнап, «Пираттар» биін билеп шықты. Мыстан қонаққа келіп ойын ойнатты. Аяз ата ақ тілегін айтып, балаларға сыйлықтарын таратты. Ата-аналар сайқымазақ болып келіп балалармен ойын ойнатты. (Ойынның сиқыры іске аспай қалды) Ертеңгілік бекітілген уақыттан кеш басталды. Шыршаның шамын жағатын жауапты кісі дайындамаған. Музыкантқа алдын ала жоспардың реттілігін бермегендіктен паузалар болып жатты. Жалпы ертеңгілік *орташа* деңгейде ұйымдастырылды.





Байқаулардың көрінісі



Жол картасы аясында мектеппен сабақтастық жұмысы

«Абай жаққан бір сәуле» атты балабақша тәрбиеленушілері мен бастауыш сынып оқушыларына арналған мәнерлеп оқу байқауының жүргізілу барысы

Залдың іші безендірілген, сахна қойылымға сай жасақталған.

Көрініс: «Бала Абайдың өміріне саяхат»

Сахнада киіз үй ішінде Зере әжеміз көршілерімен шай ішіп әңгіме дүкен құрып отырады. (Муз)

Сахнаға айқайлап бала жүгіріп шығады.

- Сүйінші,сүйінші,сүйінші!Амансыздар ма?

Зере әже:-Амансың ба, балам, не жаңалық айтасың?

- Әже,әже Ұлжан жеңгем ұл тапты.Дүниеге ұл келді.

-Сүйіншіңе қалағаныңды ала ғой,ботам .**(муз)**

Көршілері қуана орындарынан үдере түрегеліп Зере әжені құшақтап құтты болсын айтады.

-Бауы берік болсын!

-Жасы ұзақ болсын!

Автор сөйлейді: Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы 1845 жылы Семей өңірінің қазіргі Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген.Абайдың ата тегі тәрбиеленіп, шыққан ортасы тобықтының шыншыр балақ, шұбар төс деген ауқатты отбасы болған.

Зере:-Ұлжан баланы әкелші бесікке салайық.

Бесікке бөлеп береді.Бесік жыры орындалады **(муз)**

Зере:-Ұлжан бала ұйықтады.Мен көрші ауылға барып жақсы жаңалығыммен бөлісіп келейін.Зере бастаған әжелер шығып кетеді.

Сахнаға екі бала шығып асық ойнап отырады.Құман көтерген **Ұлжан** шығып:

-Абайжан келе ғой,құлыным.Беті қолыңды жуып ал,деп шақырады.

Абай анасымен бірге үстел үстінде кітап оқып отырады.

Автор сөйлейді: Абайдың шын есімі Ибрахим.Әжесі еркелетіп Абай деп кеткен. Болашақ ақын жас кезінен өлең әңгімеге әуес болып, әжесі Зере мен анасы Ұлжан айтқан аңыз әңгімелерін бар ынтасымен тыңдайтын. Ол жастайынан өте зерек бала болды.Ауыл молдасынан арабша сауат ашқан. Абайдың әкесі оны Семейге оқуға жібереді.

Ұлжан мен бала Абай шығып кетеді. **(Муз)**

Сахнаға Зере бастаған әжелер кіріп киіз үйге жайғасады.Артынша қолына домбыра ұстаған ақындары қасында Құнанбай бастаған топ келіп қосылады.

Автор сөйлейді: Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы 1804 жылы өмірге келеді.Ол халық арасында өте беделді, абыройлы, әділ би болған.Ол 81 жыл ғұмыр кешкен..Семей өңірінде Құнанбай қажының мешіті орналасқан.

Құнанбай қажы атанған.

Ержеткен Абай сәлемдесіп кіреді.

-Ассаламуғалейкум орта толсын, деп Абай қол беріп амандасады.

Құнанбай:-Абай балам мен сені Семей қаласына оқуға жіберейін деп шештім.Білім ал,ілім ал мен саған сенемін.Ал,әжесі Абайға батанды бер ,деп қолын жаяды.

Зере:-Үш жүздің алды бол!

Іздегенің ақиқат,

Көтергенің әділеттің туы болсын.

Еліңнің жүгімен арқаң жауыр болсын! (перде жабылады) **(муз)**

Жүргізуші:

Армысыздар, саналы сөзді сары алтыннан артық бағалайтын қадірменді қонақтар, болашақ еліміздің тізгінін ұстайтын бүлдіршіндер! Қазақтың бір

туар азаматтарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірегейі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «АБАЙ ЖАҚҚАН БІР СӘУЛЕ» атты мәнерлеп оқу байқауына қош келдіңіздер!

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған

Өлді деуге бола ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,-деп төрелігін өзі шешкен Абай бүгінгі таңда жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге өмір сүріп келеді және мәңгі өмір сүре бермек.

Бүгінгі іс-шарамыздың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың бойына Ұлы ақынның баға жетпес мол мұрасын санасына сіңіру және өскелең ұрпақтың ұлттық рухы мен патриоттық сезімдерін ояту.

Міндеттері:

-коммуникативтік дағдыларын дамыту;

- ақын туындыларына деген құндылық қатынасты қалыптастыру;

- өлеңді мәнерлеп нақышына келтіріп оқуға ынталандыру;

-шығармашылық қабілеттерін арттыру;

-патриоттық сезімдерін, ұлтына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін, ұлттық –мәдени құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Ендеше байқауымызды бақылап, бүлдіршіндердің шығармашылығына әділ бағасын беретін әділқазылар алқысымен таныс болыңыздар:

Әділқазылар алқасы:

1. Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжінің мектепке дейінгі практика бөлімінің әдіскері - *Салтыбаева Маржан Айтқуловна*

2. Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжінің мектепке дейінгі бөлімнің оқытушысы – *Жанатай Райгуль Сағатқызы*

3. Астана қаласы әкімдігінің №24 «Алтынай» балабақшасының әдіскері – *Айгуль Аманжоловна*

Жүргізуші: Балаларды хабарлап шақыру.

Абай ақын- кемеңгер, терең ойлы

Ар-намысты, ожданды, абыройлы.

Әдемі, сыншыл, шыншыл өлеңдері,

Таң қалдыра, толғантып, жайлар бойды –демекші, ақын Абайдың шығармалары сыр шертеді. Олай болса байқауымыздың кішкентай қатысушыларын ортаға шақырамыз:

№	МДҰ атауы	Қатысушы
1	№30 мектеп -гимназия	Тасмұрат Аяжан
2	№49 «Алтынай» балабақшасы	Құрамай Алижан
3	№30 мектеп -гимназия	Ермекұлы Ерхат
4	№49 «Алтынай» балабақшасы	Бозжігіт Ұлдана
5	№30 мектеп -гимназия	Самат Султанали
6	№49 «Алтынай» балабақшасы	Боранбай Айкөркем

7	№30 мектеп -гимназия	Елубай Айсана
8	№49 «Алтынай» балабақшасы	Серік Айару
9	№30 мектеп -гимназия	Бақытжан Медина
10	№49 «Алтынай» балабақшасы	Ақтөреұлы Ислам

Балалардың қатысуымен Абай Құнанбаевтың И.А. Крыловтан аудармасы «Құмырсқа мен шегіртке» қойылымы.

Жүргізуші:

Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?

Жырымен жан сусынын қандырған кім?

Өзіне –өзі орнатып ескерткішті,

Мұра ғып, кейінгіге қалдырған кім?- әрине ол Абай. Байқауымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Жүректері Абай деп лүпілдеген алғашқы бүлдіршінімізді ортаға қошеметпен шақырайық.

1. Тасмұрат Аяжан

2. Құрамай Алижан

3. Ермекұлы Ерхат

Би: «Текемет»

Жүргізуші: Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу

1. Бозжігіт Ұлдана

2. Самат Султанали

3. Боранбай Айкөркем

4. Елубай Айсана

Ән: «Әгигай» халық әні

Жүргізуші: Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу (алты бала)

1. Серік Айару

2. Бақытжан Медина

3. Ақтөреұлы Ислам

(әділқазылар алқасының шешімі шығарылды)

Ақтөреұлы Ислам - «Бас жүлде»

Ермекұлы Ерхат - I орын

Құрамай Алижан - II орын

Бақытжан Медина – III орын

Бозжігіт Ұлдана - «Көркемсөз шебері» номинация

Самат Султанали - «Шебер орындаушы» номинациясы

Елубай Айсана - «Ерекше орындаушы»

Боранбай Айкөркем - «Жүрекпен орындаушы» номинациясы

Серік Айару - «Үздік орындаушы» номинация

Тасмұрат Аяжан - «Лирикалық орындаушы» номинациясын иеленді.

Би: «Домбыра»

Жүргізуші:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ержеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мерзімінен кеш сермедім- деп Абай Құнанбаев жырлағандай білім алу еш уақытта кештік етпейді екен. Ендеше барлық қатысушыларды ортаға шақырып, сөз кезегін әділ қазылар алқасына берейік.

Марапаттау :

Жүргізуші:

Біліміден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз

Абай Құнанбаев қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік дара да, дана тұлға.

Абай қазақ поэзиясының өсіп, гүлденіп, жаңа сапаға жетуіне орасан зор еңбек етті. Ақын жас ұрпаққа терең ойға толы алуан өлеңдер үлгісін қалдырды.

Тәуелсіздігіміз әрқашанда тұғырлы болсын! Көк байрағымыз биікте желбірей берсін. Бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқын болсын!



Әдістемелік орталықтан әдістемелік көмек



2024 жылдың 16 мамыр күні «Жұлдызды жол» аудандық олимпиадасына Акниязова Любовь Жаксымуратовнаның жетекшілігімен Ақтөреұлы Ислам қатысып 54,9 ұпай жинап II орынды иеленді.

ХАТТАМА

Мектепке жасына дейінгі балаларға арналған XVII «Жұлдызды жол» қалалық интеллектуалдық олимпиаданың аудандық кезеңі отырысы

Астана қаласы

«16» мамыр 2024ж.

Ауданы: Алматы

Пәні: Сауат ашу негіздері
Сөйлеуді дамыту
Математика негіздері
Қоршаған ортамен таныстыру

№	Балабақшаның атауы	Қатысушының аты, тегі	Сауат ашу негіздері	Сөйлеуді дамыту	Математика негіздері	Қоршаған орта	Барлық ұпай саны	Қорытынды
1	№69 "Еркес-ай" балабақшасы	Сабит Раина	15	12,5	20	15	62,5	I
2	№47 «Ақ желке» балабақшасы	Абдықадір Әмірхан	14,2	6,7	20	15	55,9	II
3	№49 "Алтынай" балабақшасы	Ақтөреұлы Ислам	12,7	10,9	18,8	12,5	54,9	II
4	№66 "Толағай" балабақшасы	Жұмабай Аяла	13,5	8,5	20	12,5	54,5	II
5	№8 "Думан" балабақшасы	Альжанов Мирас	13,4	7,5	18,8	14,2	53,9	II
6	№60 "Арман" балабақшасы	Бөзбәй Аминә	13,2	4,2	20	15	52,4	III
7	№7 "Ақсу" балабақшасы	Қоблан Әміргали	14,2	9,9	19	9,1	52,2	III
8	№74 "Дәурен" балабақшасы	Рысқұл Айсын	13,7	5,9	19	13,5	52,1	III
9	№38 "Шаттық" балабақшасы	Айтжанова Аяна	15	6,2	14,55	15	50,75	III
10	№93 "Айгөлек" балабақшасы	Сәрсенбай Елнұр	15	10	13,75	10,8	49,55	III
11	№37 "Арман" балабақшасы	Ғабдулкапар Мирас	11,7	10	19,4	7,95	49,05	III
12	№73 "Аяулым" балабақшасы	Нұрланова Төгжан	9,5	7,5	17,5	13,5	48	III
13	№83 "Жансаң" балабақшасы	Дәулет Ғайни	12,1	8	18,2	9,1	47,4	граммота
14	№32 "Балдәурен" балабақшасы	Алсадық Аянат	12,1	7,2	18,8	9,2	47,3	граммота
15	№33 "Алтын дән" балабақшасы	Файзуллин Олжас	11,8	6	19	10,1	46,9	граммота
16	№34 "Ақ бидай" балабақшасы	Мали Аянипа	7,9	8,9	14,8	13,3	44,9	граммота
17	№59 "Ақжол" балабақшасы	Қарабай Жайна	13,2	6,2	12	12,4	43,8	граммота
18	№21 "Үлдер" балабақшасы	Сабыржанова Азиза	11,7	9	14,4	5,1	40,2	сертификат
19	№24 "Айналайын" балабақшасы	Қуаныш Батырхан	14,2	4,2	10,25	10,8	39,45	сертификат
20	№81 "Өсемгүл" балабақшасы	Хампа Қаусар	9,5	5,5	16,8	7,5	39,3	сертификат
21	№67 "Шұғыл" балабақшасы	Әбдіресіт Шерхан	11,4	6,2	9	8,4	35	сертификат
22	№50 "Жұлдыз" балабақшасы	Кенжебай Мұхаммедали	10,2	6,2	6,25	8,4	31,05	сертификат



Астана қаласы әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Елордалық мектепке дейінгі ұйымдарына арналған қалалық **«Брейн-ринг»** байқауына қатысып, №49 «Алтынай» балабақшасының тәрбиеленушілері ІІІ орынмен төмендегі балалар марапатталды.

- 1.Тайрова Амина
- 2.Биштанковская Алена
- 3.Құрамай Алижан
- 4.Қасен Дінмұхаммед
- 5.Бозжігіт Ұлдана

Жетекшілері: Акниязова Л.Ж. Әбілбекова А.Х. Дуйсекулова Л.Б.





Педагогтермен жұмыс



«Әрбір бала жарық жұлдыз»

Интеллектуалды ойын

Мақсаты: Жан - жақты жетілген, білімді де тәрбиелі, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген, ана тілін және Отанын құрметтей білетін толыққанды азамат тәрбиелеу. Әр салада білімдерін кеңейту, білім деңгейін, шығармашылық ізденісін байқау. Жас ұрпақты өз ойын жеткізе білуге, шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу.

«Самұрық», «Қыран», «Қарлығаш» және шағын орталықтың мектепалды топтары арасында ұйымдастырылған интеллектуалды ойын өз нәтижесін көрсетті. Тәрбиеленушілер әр дағдыға байланысты тапсырмаларды белсене орындап, М.Монтессори технологиясының тиімділігін көрсетті.



«Самұрық» мектепалды тобының тәрбиеленушілері тәрбиеші С.К.Рахметованың жетекшілігімен «Балапан» телеарнасының IBARS интеллектуалды жобасына қатысып, өз білімдерін шыңдады.



Ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылып отырды. Барлық топтардың ата-аналарымен жиналыстар ұйымдастырылып, балалардың жан-жақты дамуы үшін ойнатылатын дидактикалық ойындар, үстел үсті ойындары туралы түсінік беріліп, баланың дамуына үлес қосуға шақырылды.





**Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК
«Студенттердің тәжірибесі және жұмысқа орналасуы: уақыт
сынақтары»**

Дуйсекулова Лаура Беккалиевна

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата- ана,
жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай

Ұстаздық ету, шәкірт тәрбиелеу, білім беру- ол біздің яғни педагогтер қауымының адал еңбегі, басты міндеті деп білемін. Сол себепті алдымызға келген әрбір студентті болашақ ұстаз, болашақ педагог етіп қалыптасуы үшін барынша тәжірибемізбен бөлісіп, білімін толықтыруы үшін жұмыла еңбек етіп келеміз.

2023-2024 оқу жылында 20 қыркүйектегі №310 бұйрығына сәйкес 221 ка тобы және 19 ақпандағы №52 бұйрығына сәйкес МД-9.2 тобы №49 «Алтынай» балабақшасының тәжірибесінен өтті. Білім алушылар өте тәрбиелі , сыпайы, зерек болды. Өздернің таңдаған мамандықтарына деген қызығушылықтары басым. Өздеріне бекітілген тәлімгер тәрбиешілермен бірлесе, белсене жұмыс жасауға атсалысты. Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда күн тәртібін қатаң сақтап, бес дағдыны бала бойына сіңіру мақсатында түрлі іс-әрекеттер, ойын-сауықтар, мерекелік ертеңгіліктерде, сахналық қойылымдарда өз үлестерін қоса білді.

Жалпы тәжірибе – бұл білім алушының кәсіби дайындығының ең маңызды бөлігі болғандықтан тәжірибеге немқұрайлы қарауға болмайды. Оқыту процесінде алған теориялық білімін тереңдету үшін тәжірибемен үнемі ұштастырып отыру қажет. «Жақсылық көрсең тасқа жаз, бірінен бірі көшірсін. Жамандық көрсең құмға жаз, жел ұшырып өшірсін» деген қазақ даналығы. Тәжірибе барысында әрбір көрген жақсыны бойларына сіңіріп, керісінше өз бойларындағы балалықтары мен шалалықтарын өшіруге тырысқнын көрсете білді.

Жұмысқа орналасу мәселесіне тоқталатын болсақ қазіргі таңда біздің ұйымға бірнеше колледж студенттері жұмысқа қабылданып, өз нәтижелерін көрсетіп жатыр. Бүгінде білім алушылар 17 жасында қолдарына диплом алып бос орын іздеп сұқпаттасуға келеді. 17 жастағы жас маман өзі әлі балалығын артқа тастамағаны, қобалжуы көрініп тұрады. Осындай жас маманды үнемі тәжірибелі маманның қасына қосып тәлімгері етіп тағайындаймыз. Дегенімен

де ата-аналар тарапынан жас маманға деген сенімсіздік туындап жатады. Өзі әлі бала ғой, менің баламмен жасты екен, өзі бала, менің балама қандай тәрбие бере алады?- деген сұрақтар туындап жататыны анық.

Тәжірибені аяқтай отырып, білім алушылар өткен оқу жылдарындағы практикалық тапсырмаларды орындау кезінде алған дағдыларын бекітеді, практикалық психологтың тұлғасы мен дағдыларына қойылатын талаптарға сәйкес кәсіби қасиеттерді дамытады.

Кәсіптік іс-тәжірибе кадрлерді даярлауға арналған оқу бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып саналады, осылайша студенттердің университетте алған білімдерін бекіту және кеңейту мақсатында оқу процесінің бөлігі ретінде жүзеге асырылады. Білім алушылар университетте оқу процесін ұйымдастыру кезінде кәсіптік іс-тәжірибеден өтуге міндетті, өйткені бұл студенттерге ерте жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жұмысында өндірістік және басқа да тәжірибе түрлерінің өту рөлі маңызды. Оқу-таныстыру, оқу, өндірістік, педагогикалық және диплом алды іс-тәжірибе түрлеріне байланысты тәжірибе мазмұны анықталады.

Университет кадрларды даярлау саласында жетекші кәсіпорындармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтастық орнатқан. Университет түлектері негізінен университет ынтымақтастық және кәсіби іс-тәжірибе өткізу туралы тиісті келісімдер жасалған кәсіпорындарға жұмысқа тұрады.

Орталық Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ түлектерінің жұмысқа орналасуына жыл сайын үнемі мониторинг жүргізіп отырады.

Білім берудің тиімділігін көрсететін ең жарқын көрсеткіші ол түлектердің табысты жұмысқа орналасу екені бәріне айқын. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ түлектері Қазақстанның еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие. Біздің түлектер педагогикалық, аудармашылық, қаржылық, экономикалық, заңгерлік және басқа да көптеген салаларда табысты жұмыс істейді.

Кәсіптік іс-тәжірибе кадрлерді даярлауға арналған оқу бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып саналады, осылайша студенттердің университетте алған білімдерін бекіту және кеңейту мақсатында оқу процесінің бөлігі ретінде жүзеге асырылады.

Студенттер университетте оқу процесін ұйымдастыру кезінде кәсіптік іс-тәжірибеден өтуге міндетті, өйткені бұл студенттерге оқыту процесінде алған теориялық білімін тереңдетуге, олардың жалпы кәсіптік және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ерте жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жұмысында студенттердің өндірістік және басқа да тәжірибе түрлерінің өту рөлі маңызды. Оқу-таныстыру, оқу, өндірістік, педагогикалық және диплом алды іс-тәжірибе түрлеріне байланысты тәжірибе мазмұны анықталады.

Университет кадрларды даярлау саласында жетекші кәсіпорындармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтастық орнатқан. Университет түлектері негізінен университет ынтымақтастық және кәсіби іс-тәжірибе өткізу туралы тиісті келісімдер жасалған кәсіпорындарға жұмысқа тұрады.

Орталық Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ түлектерінің жұмысқа орналасуына жыл сайын үнемі мониторинг жүргізіп отырады.

Білім берудің тиімділігін көрсететін ең жарқын көрсеткіші ол түлектердің табысты жұмысқа орналасу екені бәріне айқын. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ түлектері Қазақстанның еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие. Біздің түлектер педагогикалық, аудармашылық, қаржылық, экономикалық, заңгерлік және басқа да көптеген салаларда табысты жұмыс істейді. Сөзімді қорыта келе, біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, жан-жақты дамыған креативті жеке тұлғаны қалыптастыру. Егер ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық құндылық және адамзаттық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келетін болса, онда бүгінгі қоғамның бар күшін қазақ балабақшаларына жұмылдыруымыз қажет. Еліміздегі барлық педагогтерді бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарап, аянбай еңбек етіп, өз үлестерін қосуға шақырды.



1 мамыр бірлік күнін «Самұрық», «Қыран», «Қарлығаш» мектепалды топтары және шағын орталық тәрбиеленушілері атап өтті. Әр ұлттың ұлттық өнері мен ұлттық тағамдарын таныстырып, ойындар ойнады.



Мектепалды топтарының **«Бала шақтан, болашаққа»** тақырыбындағы ертеңгіліктерін ұйымдастырып, ата-аналармен бірлесе отырып балабақшамен қоштасуды ұйымдастырды.



Мектеппен сабақтастық жұмыс жоспарын іске асыру бойынша түрлі жұмыстар атқарылды. Мектепалды «Самұрық», «Қыран», «Қарлығаш» топтарының бүлдіршіндері мектепке саяхат, кітапханаға саяхат жасап өздеріне көптеген мағлұмат алды.





Ата-аналармен бірлескен жұмыс **«Әкені көріп-ұл өсер, ананы көріп қыз өсер»** отбасылық байқау ұйымдастырылды. Әр топтан бір отбасынан белсене қатысып, ұлттық құндылықтарға негізделген іс-шара өз нәтижесін көрсетті. Ата-аналардың өнерін бағалауға №30 мектеп- гимназиясының оқу- тәрбие жөніндегі орынбасары Қайнар Қайратұлы, Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжінің мектепке дейінгі бөлімінің әдіскері Жансая Қажыбековна және балабақшаның педагог-психологі Туякбаева Толхын Султановна әділ бағаларын беріп марапаттау рәсімін өткізді.





№3 педагогикалық кеңеске арналған

ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттердің анықтамасы

12.01.2024 жылы «Ақ сұңқар» ортаңғы тобының тәрбиешісі Андасова Лаура Есиркеповна «Дидактикалық ойындар еліне саяхат» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен шаттық шеңберін жасап, тәрбиешімен түрлі қимылдар арқылы амандасты. Балаларға жыл мезгіліне сай сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. Өткен тақырыптар бойынша «Қай себетке саламыз?» ойынын ойнады. Балалар жемістер мен көкөністердің атын атап, түсін және пішінін ажыратып, дәмін анықтай білді. «Біреу және көп» ұғымына тоқталды. Заттардың санына қарай аз немесе көп екенін ажырата білді. Музыка әуенімен сергіту жаттығуларын жасады. Бойларын сергітіп алып, «Шаршыны құрастыр» дидактикалық ойынын ойнады. Балалар үстел үстінде түрлі қиынды бөлшектерден бүтін шаршыны құрап шығып, түстерін атап, неше бұрышы бар екенін педагогпен бірге санады. Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалар белсене қатысты. Педагог жоспарды балалардың жас ерекшелігіне сай құрып, тиянақты дайындалған.

Ұсыныстар:

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- тілдік минимумын арттыру мақсатында жеке жұмыстар көбірек жасау қажет.

12.01.2024 жылы «Бүркіт» ортаңғы тобының тәрбиешісі Сарекина Күміс Таңатқанқызы «Дидактикалық ойындар еліне саяхат» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуеніне ілесе отырып, тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін жасады. Өткен тақырыптарына байланысты «Кімнің

құралы?» атты дидактикалық ойынын ойнады. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіріп, балаларға сұрақтар қою арқылы қандай мамандық иелерін білетінін анықтады. Суреттеріне қарап шағын әңгіме құрастырып, өздерінің ата-аналарының кім болып қызмет атқарып жүргенін айтты. Үстел үстінде әр маманның өзіне қажетті құралын сәйкестендірді. Музыка әуенімен бойларын сергіту үшін жерде орналасқан пішіндерге секіру арқылы нейрожаттығу жасады. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, сөздік қорларын арттыру мақсатында «Болады, болмайды» дидактикалық ойынын ойнатты. Балаларға тәрбиеші жол ережелеріне байланысты сұрақтар қойып, балалар жасауға болады, болмайды деп ойланып өз жауаптарын беріп отырды. Қыс мезгіліне тоқталып, қыстық киімдерін әңгімеледі. «Сыңарын тап!» атты дидактикалық ойын ойнады. Шартын түсінген балалар жіпке қолғапты сыңарын тауып, қыстырғышпен іліп шықты.

Тәрбиешінің қорытынды сұрақтарына жауап беріп, бүгінгі іс-әрекеттен алған әсерлерімен бөлісті. Педагог балаларды смайликтермен мадақтады.

Ұсыныстар:

- ойындар нәтижелі болу үшін шартын дұрыс түсіндіру қажет;
- екі әрекеттің арасында тығыз байланыс болуы шарт.

12.01.2023 жылы «Шағала» ортаңғы тобының тәрбиешісі Мықтыбаева Айнұр Дүйсеналықызы «Дидактикалық ойындар еліне саяхат» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар өте белсенді қатысты. Балалар музыка әуенімен қимылды жаттығулар арқылы шаттық шеңберін жасады. Тәрбиеші жыл мезгіліне сай жұмбақ жасырып, балалар жауабын тапты. Қыс мезгіліне сай сұрақ-жауап беріліп, тақпақтар айтылды. Үстел үстінде фетрден жасалған жыл мезгілдерінің бейнесіне қарап сипаттама беріп өтті. «Сиқырлы суреттер», «Шар жарылады» атты дидактикалық ойындарын ойнап, сабын көпіршіктеріне зерттеу жұмысын жасады. Педагог балалардың қызығушылығын оята білді. Барлық ойындар балалардың бойындағы дағдыларды дамытуға арналған.Тәрбиеші балалардан кері байланыс алып, смайликтермен мадақтады.

Ұсыныстар:

- шығармашылық жұмыстармен айналысу алдында міндетті түрде қауіпсіздік ережелерін ескерту қажет;
- тілдері толық жетілмеген балалармен жеке жұмыстар жүргізу қажет;

15.01.2024 жылы «Ақ көгершін» ересек тобының тәрбиешісі Рашаева Ботагөз Асылбековна «Мен және мені қоршаған орта» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен шаттық шеңберін жасады. Жыл мезгілдеріне және апта күндеріне байланысты қойылған сұрақтарға жауап берді. Туған жер, тірі және өлі табиғат, үй және жабайы жануарларға тоқталып, олардың төлдерін атап шықты. Тәрбиеші ғажайып сәтке хат тауып алып, оның ішіндегі орманшы атаның жіберген тапсырмаларын орындады.Музыка

Жерге көрпешелерге отырып релаксация жасап, алған әсерлерімен бөлісті. Балалар ағашта ілулі тұрған жемістің ішінде пішіндер бейнеленген алқаларды алып топтарға бөлініп отырды. Тәрбиеші ғажайып сәтке құстың хат қалдырғанын айтады. Хатта тапсырмалар берілген. Апта күндерін айтты. Күз

мезгіліне байланысты өлең шумақтарын айтты. Топтық жұмысты карточкамен жасады. Музыка әуенімен сергіту сәтін жасап, қимылды ойын ойнады. Себеттерге салынған көкөністер мен жемістерді үлкен қасықшамен музыка әуеніне сүйене отырып топтастырды. Ойын балаларға қатты ұнады. Банкаға жасырынған дәрумендерді қол шамның көмегімен зерттеп шықты. Түтікшелер арқылы үрлеп пішіндерді топтастырды және жартылай берілген суреттердің екінші бөлігін салып шықты. Жарты және бүтін ұғымына оқталды. Балалар іс-әрекеттен алған әсерлерімен бөлісіп, тақтадағы сайликтерді көрсету арқылы іс – әрекетті бағалады. Педагог мақсатына жетті.

Ұсыныстар:

- хатты педагог емес баланың тауып алуына мүмкіндік беруі керек;
- топқа бөлінген соң кім қандай пішінге бөлінгенін сұрау керек;
- апта күндерін айтқанда тек 5 жұмыс күнін атады, сенбі, жексенбі күнін де айтқызу керек;
- балалар әлі танымайтын пішіндерді қолданбау қажет.



17.10.2023 жылы «Аққу» ересек тобының тәрбиешісі Мустафақызы Маржан 16 баламен «Математика және денсаулық» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен топқа аяқ іздерімен секіріп кірді. «Балақан» әнімен шаттық шеңберін жасап, допты бір-біріне лақтыру арқылы жыл мезгіліне сай сұрақтарға жауап берді. Топқа бөліну үшін түсті ленталарды қолданды. Математика еліне саяхатқа шығу үшін пішіндерден көпір жасап 1,2,3 санап өтті. Алдынан дөңгелек пішін

шықты. Ол өзінің тапсырмаларын берді. Балалар топтық жұмысты пазлдармен жасады. Жануарларды тамақтандырып, пішіндерді өз ағаштарына жапсырды. Музыка әуенімен сергіту жаттығуын жасап, үстел үсті жұмысын жасады. Яғни карточкаларда берілген туралған жемістердің бүтін бөлігін тауып сәйкестендіріп шықты. Бүтін және бөлік ұғымына тоқталып, пішіндерді түсіне қарай топтастырды. Келесі тапсырма гигиеналық машықтарға байланысты «Микробты қалай қуамыз?» тақырыбында балалар зерттеу жұмысын жасады.

Ұсыныстар:

- Педагогтің даусы өте жоғары, оны құбылтып отыру қажет;
- баланың бетінен қақпай еркіндік беру керек;
- топқа бөлудің жолын жеңілдету үшін алдын ала лентаны қолдарына байлап қою керек еді;
- әр тапсырманың көрнекілігін алдын -ала үстелге бетін ашып қоймай, қызықты болу үшін дер кезінде көрсету керек;
- Балалар жұмыс жасайтын орындары тар болмау керек;
- орыс тілді балалармен жеке жұмыстарды жиі жүргізіп отыру қажет;



18.10.2023 жылы «Самұрық» мектепалды тобының тәрбиешісі Рахметова Салтанат Кадрияқызы 28 баламен «Денсаулық еліне саяхат» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалап музыка әуенімен залға кіріп шеңбер құрды. Жыл мезгіліне сай сұрақтарға жауап беріп денсаулық еліне аяқ іздері арқылы музыкамен келді. 1 тапсырма жаттығу аялдамасында қимылды жаттығу жасады. Осы жерде балалар екі түсті білезіктерді тандап алып топқа бөлінді. Екі топқа екі лабиринт беріліп балалар музыка әуенімен допты үрлеу арқылы тыныс алу жаттығуын жасады. Келесі тапсырма

төртбұрышты мата тесігінен шарды себетке түсіру, дәлдеу мақсатында ойнатылды. Тазалық аялдамасына музыка әуенімен келіп, гигиеналық машықтарды қалыптастыру, тісті қалай дұрыс тазалауды көрсетіп пайдалы және зиянды дәрумендарді топтастыру жұмыстарын жасады. Білім аялдамасына келіп жердегі көрпешелерге жайғасып асықты қолдана отырып сандарды салыстырып санамақтар айтты. Балалардан кері байланыс алынып, мадақтау жасалынды. Педагог жоспарды баланың жас ерекшелігіне сай құрған. Мақсатына жете білді.

Ұсыныстар:

- екі іс-әрекет арасында пауза болдырмау қажет;
- тістің муляжы әр балаға жеткілікті болса уақытты үнемдеу болар еді, балалар бір-бірін күтіп қалды;
- сұрақтарды қойған соң баланың үнін тыңдау керек, педагог асығып өзі жауап беріп қойып жатты;
- тура және кері санау керек;
- асық ойынын ойнағанда карточкалар жерде босқа жатып қалды, балалар асыққа таласып кетті;
- іс-әрекет барысында баланың үнін естіртуге тырысу керек, көбірек сөйлетіп коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға жұмыс жасау қажет.



18.10.2023 жылы «Қыран» мектепалды тобының тәрбиешісі Бейсембекова Айнагүл Бейсембековна 23 баламен «Денсаулық еліне саяхат» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен залға кіріп шаттық шеңберін жасады. Берілген сұрақтарға жауап беріп жыл мезгіліне және апта күндеріне тоқталды. Тәрбиеші АКТ-ны қолдану арқылы денсаулық

туралы және Салауат ата туралы балалардың түсінігін кеңейтті. Ғажайып сәтке музыка әуенімен қоян келді. Ол Салауат атаның тапсырмаларын алып келіп тәрбиешіге тапсырды. Балалап тапсырмаларды орындау барысында денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдерді айтып, жұмбақтар шешті. Адам ағзасына пайдалы және зияннан келтіретін тағамдардың атын атап екі қорапқа бөліп топтастырды. Үстел үстінде дәптермен жұмыс жасады. Берілген суреттерді сандармен сәйкестендіріп берді. Сергіту сәтін жасап алып тақтада жыл мезгіліне сай элементтерді өз орнына жапсырды. Қоян балаларға рахметін айтып, орманға жол тартты. Музыка әуенімен топқа оралып, бүгінгі іс-әрекеттен алған әсерлерімен бөлісті.

Ұсыныстар:

- суреттерді саусақпен емес қаламмен көрсету керек;
- Берілген сұрақтарға балалар толық жауап бергенін күту қажет;
- пайдалы, зиян тағамдарды топтастырғанда не үшін зиян екенін ашып түсіндіру қажет;
- сергіту сәтін қоянмен бірге жасап жібергенде қызықты болар еді;
- сабақ деген сөзді қолданбаймыз, іс-әрекет деген дұрыс;
- педагог жаңа бағдарламаны толық меңгеруі тиіс.



18.10.2023 жылы «Қарлығаш» мектепалды тобының тәрбиешісі Бестаева Асем Рамазановна 16 баламен «Денсаулық еліне саяхат» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен залға түрлі белгілерге сай амандасып кірді. Шеңберге тұрып жыл мезгілдеріне, апта күндеріне байланысты сұрақтарға жауап берді. Денсаудыққа байланысты мақал-мәтелдер айтып, жасырған жұмбақтардың жауабын таба білді. Ғажайып сәтке музыка әуенімен вирус келді. Балаларды 3 топқа бөліп

түстерге байланысты қимылды ойындар ойнатты. Үстел үстінде топтық жұмыс жасады. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында ыдыстарда берілген дәнді дақылдардың арасынан жасырынған әріптерді тауып алып дауысты дауыссыз дыбыс екенін ажыратып, дыбыстық талдау жасап көк және қызыл шатырлы үйшіктерге топтастырды. Музыка әуенімен бойларын сергіту мақсатында билеп жүріп әуен тоқтағанда түсті құрсауларға топтасыты. Жеке жұмыс әр бала өзі алдымен құлыпты таңдап алады сосын оның кілтін тауып ашады яғни берілген есепті шығарды. Вирусқа ым-ишарамен жеке бас гигиенасының құралдарын көрсетті. Вирус балаларды мадақтап қоштасты. Педагог балалардан кері байланыс алды. Жалпы іс-әрекеттің құрылымы жақсы құрылған, педагог жан-жақты ізденгені көрініп тұр. Балалар өте белсенді, әр тапсырманы түсініп тиянақты орындауға дағдыланған. Педагог балалардың қызығушылығын оята білді.

Ұсыныстар:

- сұрақтарға хормен жоқ-ия деп қысқа жауап беруге болмайды, толық жауап беруге , жеке-жеке жауап беруге үйрету;
- балалар құрсауға сыймай жатты, бала санын ескеру қажет;
- интерактивті тақтаны шамадан тыс уақыт қосып қоюға болмайды, яғни 7 минут максимум уақыты.



19.10.2023 жылы «Лашын» мектепалды шағын орталығының тәрбиешісі Акниязова Любовь Жаксымуратовна 10 баламен «Денсаулық еліне саяхат» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар залға музыка әуенімен ерекше амандасып кірді. Дөңгелене тұрып педагогтің сұрақтарына жеке-жеке жауап берді. Денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдер айтып

жарысты. Көрпешелерге отырып сиқырлы қаламды қолдану арқылы жыл мезгілдеріне, ай аттарына, апта күндеріне тоқталды. Сиқырлы қаламның хатын оқып ондағы берілген тапсырмаларды орындауға тырысты. Кедергілерден өтіп қолдарындағы сағаттың т.сіне қарай топтық жұмысқа бөлінді. Үстелде отырып берілген тапсырманы мұқият, қызыға орындады. Балалар арасында тілдік қарым-қатынас орнап, бір-біріне көмектесті. Келесі тапсырма қазақ үйдің түндігінен қолдарын салып сипап сезу арқылы тандаған муляждарының көкөкніс немесе жеміс екені анықтады. Оның бас әріпін атап, дауысты немесе дауыссыз дыбыстан басталатынын айтты. Топтық жұмысқа екі үстеге айнала тұрып шыны құтыға компот жапты яғни жапсырды. Оны қол шаммен көрді. Майшаммен жазылған әріптерді бояу арқылы тауып дыбыстық алдау жасады. Балалар іс-әрекеттен алған әсерлерімен бөлісіп, смайликтер арқылы бағалады. Педагог балаларды көңілді смайликтермен мадақтады. Іс-әрекет құрылымы балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Педагог балалардың қызығушылығын арттыра білді. Жан-жақты дайындалған.

Ұсыныстар:

- педагог аузынан шыққан әр сөзіне мұқият болуы керек, яғни клейді біз желім деп үйретуіміз қажет;
- балаларды көбірек сөйлету қажет.



Педагогтердің іс-әрекеттерді ұйымдастыру деңгейінің көрсеткіші

№	Төмен жоғары деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
1		«Ақ сұңқар» ортаңғы тобы	
2	«Бүркіт» ортаңғы тобы		
3		«Шағала» ортаңғы тобы	
4	«Аққу» ересек тобы		
5			«Ақ көгершін» ересек тобы
6	«Қыран» мектепалды тобы		
7		«Самұрық» мектепалды тобы	
8			«Қарлығаш» мектепалды тобы
9			«Лашын» мектепалды шағын орталығы

Ашық ұйымдастырылған қорытынды іс – әрекеттердің анықтамасы

«Балапан» кіші тобының тәрбиешісі М.С. Еркенова «Саусақ санап өсеміз» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар іс-әрекетті амандасудан бастады. Тәрбиеші жыл бойы өткен тақырыптары бойынша сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдады. Теледидардан «Түймеқыз» ертегісін тамашалап, тыңдады. Осы сәтті музыка әуенімен ғажайып сәтке Күн келді. Балалармен «Гүл теру» ойынын ойнатып, түстерін ажыратты. Гүлдерді салыстырмалы түрде зерттеп, көп-аз ұғымына тоқталып өтті. Кенеттен қойдың даусы шығып, балалар үй жануарларының дауысын қайталау арқылы тіл ұстарту жаттығуын жасады. Үстал үсті ойынын ойнап, сәйкестендіру, салыстыру ұғымдарына тоқталды. Балаларды смайликтермен марапаттады. Тақтамен жұмыс, жеке жұмыс болды.

Жалпы ұйымдастырылған іс-әрекеттің құрылымы балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Балалар белсенді, педагогты тыңдап, түстерді және үй жануарларының даусын ажырата біледі. Педагог қобалжып, балаларды шашыратып алды. Қорытынды іс-әрекетті **орташа** деңгейде ұйымдастырды.

Ұсыныстар:

- педагог өзін бала деңгейінде ұстау керек;

- сұрақты баланың жас ерекшелігін ескере отырып қою керек;
- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;
- педагог үшкір өкшелі аяқ киім киюге болмайды, баламаен жұмыс істеуге ыңғайлы басы жабық аяқ киім болуы қажет;

«Балапан» кіші тобының тәрбиешісі М.У.Муратова «Саусақ санап өсеміз» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар іс-әрекетті амандасудан бастады. Тәрбиеші балалардың қызығушылығын ояту үшін аюдың үіне қонаққа баратындарын атты. Жыл бойы өткен тақырыптары бойынша сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдады. «Сана, нешеу» ойынын ойнау арқылы 1-3-ке дейін санады. «Пішіндерден көпір жаса!» ойыны арқылы пішіндерге тоқталып өтті. Үстел үсті жұмыста балалар текшелерді түсіне сай сәйкестендіріп, түстерді атап шықты. Зерттеушілік қабілеттерін арттыру мақсатында құтының ішіндегі суды шайқау арқылы түсінің өзгергенін зерттеді. Балалар «Сәйкестендір» ойынын ойнау арқылы жіпте тізілген пішіндерге сәйкес қыстырғыштағы пішіндерді қыстыру арқылы сәкестендіріп шықты. Музыка әуенімен бойларын сергітіп аюдың үйінен топтарына оралды. Педагогтың сұрағына жауап бере отырып іс-әрекетті қорытындылады. Балалар мадақталды. Жалпы педагог өте жақсы дайындалған, ізденген. Балалар белсенді, 1-3-ке дейін санай алады, пішіндер мен түстерді ажыратып, айта алды. Ұымдастырылған іс-әрекет **жоғары** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

-балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;

«Бұлбұл» кіші тобының тәрбиешісі Г.Х.Туркменбаева «Саусақ санап өсеміз» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар іс-әрекетті амандасудан бастады. Шеңберге тұрып шаттық шеңберін жасады.Ғажайып сәтке сайқымазақ келді. Текшені лақтыру арқылы көрсетілген санды атап, соған қарай 1,2,3- деп шапалақ ұрды. Саусақ маторикасын дамыту мақсатында үстелде тұрған түрлі-түсті қағаздарды умаждап, түсін атап шықты. Текшеде берілген түстерге қарай бояу тамшыларын сәйкестендірді. Қима қағаздардан пішіндерді құрастырды. Фанариктің көмегімен тығылған шарды тауып, оның ішіне жасырынған заттарды тауып, атын атады. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау мақсатында сұрақтар қойылып, жауап алынды. Балаларды смайликтермен марапаттады. Педагогтің жан-жақты ізденгені көрініп тұр. Балаларды тыңдата алды. Бала үні естілді.Қорытынды іс-әрекетті **жақсы** деңгейде ұйымдастырды.

Ұсыныстар:

- музыка әуені жетіспеді;
- педагог өзін бала деңгейінде ұстау керек;
- сұрақты баланың жас ерекшелігін ескере отырып қою керек;

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;

«Шағала» ортаңғы тобының тәрбиешісі А.Д. Мықтыбаева «Үй жануарлары» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар залға музыка әуенімен кіріп, амандасып шаттық шеңберін жасады. Жыл бойы өткен тақырыптарын орытындылау үшін қойылған сұрақтарға жауап берді. Ғажайып сәтке сиқырлы қорап тауып алды. 1-3-ке дейін тура және кері санады. Қораптың ішіне қолдарын салып сипап сезу арқылы үй жануарларын анықтап, атын атап шықты. «Құлыншақ» әуенімен ауылға саяхатқа барды. Жолда көрген үй жануарының атын атап, қалай дыбыстайтынын атып, санап берді. Балалар қоржындағы түрлі-түсті асықтарды алып, түсіне қарай топтарға бөлініп тапсырмалар орындады. Ақ асықты алған балалар әжемен құрт жасады. Қызыл асықты алған қыздар сиыр сауды. Көк түсті таңдағандар сүтке тәжірибе жасады. Сары түсті таңдағандар пішіндерді тауып үлкен-кіші ұғымына тоқталды. Музыка әуенімен ауылдан топтарына оралды. Тәрбиешінің сұрақтарына жауап берді. Педагог жан-жақты дайындалған, балалардың қызығушылығын оята білді. Іс-әрекет **жоғары** деңгейде, ұлттық құндылыққа қанық ақпараттармен ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;

«Ақ сұңқар» ортаңғы тобының тәрбиешісі Л.Е. Андасова «Білім еліне саяхат» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар іс-әрекетті пішіндерді таңдау арқылы секіріп келіп, шеңбер құрып шаттық шеңберін жасады. Ғажайып сәтке көңілсіз сайқымазақ келді. Балалар 1,2,3-ке дейін санап, үстел үстінде берілген тапсырмаларды орындады. Пішіндерді өз ұясына түсіне қарай орналастырды. Сайқымазақ балаларды мадақтап, еінші тапсырмаға көшті. Үй жануарлары туралы сұрақтар қойылып, олардың даусын салу арқылы тіл ұстарту жаттығуын жасады. Үстелде қара қағаздың үстіне орналасқан үй жануарларының үстіне електен ұн өткізу арқылы жануардың бейнесін (көлеңкесін) шығарып, оған зерттеу жасады. Физикалық қасиеттерін дамыту мақсатында жылдамдықтарын тексеру үшін түрлі-түсті шарларды музыка әуенімен себеттерге жинады. Бойларын сергітіп алып үш топқа бөлініп пазл құрастырды. Сайқымазақтың туылған күніне арналған бөлішін үрлеп көңілін көтерді. Балалар қорытынды сұрақтарға жауап беріп, Сайқымазақтан мадақталып смайликтер алды. Педагог жан-жақты дайындалған. Жоспары балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған, көрнекілігі жеткілікті әрі ашып қоймай қажетіне қарай көрсетіп отырды. Балалар өте белсенді. Ұйымдастырылған іс-әрекет **жақсы** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- Балалардың кіруіне, сайқымазақтың шығуына музыка жетіспеді;
- Пішіндерді 2-3 баладан сұрап кету керек;
- Шарларды жинаған соң салыстыру жүргізіп «аз-көп» ұғымына тоқталу керек;
- Балаларды көбірек сөйлету қажет;

«Ақ сұңқар» ортаңғы тобының тәрбиешісі М.Ф. Абдирахманова
«Көңілді аялдамалар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар ұйымдастырылған іс-әрекетті шаттық шеңберінен бастады. Тәрбиеші жыл бойы өткен тақырыптар бойынша балаларға сұрақтар қойып жауаптарын тыңдады. Тақтамен жұмыс жасап, музыка әуенімен ғажайып сәтке қуыршақ келді. Түрлі-түсті аяқ іздерін баса отырып балалар түстер аялдамасына барды. Тәрбиеші қауіпсіздік ережесін балалардың есіне түсіріп кетті. Жіптердің түсіне сәйкес моншақтар өткізді. Пішіні мен түсіне тоқталды. Саусақ жаттығуларын жасады. Балалар музыка әуенімен пішіндерден секіріп өтіп үшбұрыш, шаршы, шеңберге тоқталып, топтасты. Әр пішінде берілген тапсырмаларды таяқшаларды қолдана отырып орындады. Әрі қарай табиғат аялдамасына келіп гупканың көмегімен бояуды бастыру арқылы әсем гүлдер жасады. Қуыршақ қуанып балаларға жапсырма смайликтер таратып, қоштасты. Тәрбиеші іс-әрекетті сұрақтар қою арқылы қорытындылап, балаларды мадақтады. Балалар өте белсенді. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Тәрбиешінің дауыс ырғағы жағымды, құбылмалы. Көрнекіліктері жеткілікті, жан-жақты дайындалған.

Ұсыныстар:

- сұрақ қойған соң асықпай баланың жауабын күту керек;

«Бүркіт» ортаңғы тобының тәрбиешісі К.Т.Сарекина 17 баламен
«Табиғатты қорғайық» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар іс-әрекетке ерекше белгілермен амандасып келді. Тәрбиеші жыл бойы өткен тақырыптар бойынша балаларға сұрақтар қойып жауаптарын тыңдады. 1-3-ке дейін тура және кері санап, кима-пішіндерді көрпешеде отырып құрастырды. Музыка әуенімен ғажайып сәтке қоян келді. Балалар екі топқа бөлініп тірі және өлі табиғатқа тоқталды, тапсырмалар орындады. «Гүлдердің серігін тап!» топтық жұмыс жасады. Дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып әйнектің бетіне күнді салды. Шелектерге гүл отырғызды. Балалар фартукты киіп, шешуге көп уақыт жоғалтып алды. Гулге байланысты мақал-мәтел айтқызып немесе жұмбақ жасыру керек еді. Балалар өте белсенді болғанымен сұрақтарға толық жауап беруді үйрету керек, шашыраңқы. Педагог қобалжулы, іс-әрекетті **орташа** деңгейде ұйымдастырды.

Ұсыныстар:

- сұрақты баланың жас ерекшелігін ескере отырып қою керек;
- көрнекіліктерді алдын-ала імуге болмайды, қызығы кетіп қалады.
- әр тапсырманы дұрыс түсіндіру және орындап болған соң қорытынды жасап отыру керек;

«Бүркіт» ортаңғы тобының тәрбиешісі А.Ж. Ормашова «Біз не білдік? Неүйрендік?» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар хормен амандасып, шеңберге тұрып шаттық шеңберін жасады. Тәрбиеші жыл бойы өткен тақырыптар бойынша балаларға сұрақтар қойып жауаптарын тыңдады. Тәрбиешінің қолындағы көк және қызыл түсті текшелерді таңдау арқылы екі топқа бөлінді. Интерактивті тақтадан аюдың орман ішінде табиғатты тамашалап келе жатқан сәтінен қысқаша бейне ролик көрсетті. Есікті қағып ішке аю қонаққа келді. Ол балаларға қыс бойы ұйықыда жатқанын және қарны ашқанын айтып, азық жинауға көмек сұрайды. Балалар аюдың тапсырмаларын орындауға уәде етті. Үлкен гүлдерде берілген сандарды тура және кері санады. «Түсіне қарай пішінін тап!» ойынан ойнады. Кеңістікті бағдарлау мақсатында пазл құрастырып, ондағы берілген үй жануарларын қызыл түсті таңдаған топ және жабайы жануарларды көк түсті таңдаған топ құрастырып, атап шықты. Музыка әуенімен бойларын сергітіп, өлі және тірі табиғатқа тоқталды. Қызыл топ аюмен бірге бұлттың бейнесін, көк түсті топ гүл мен күннің бейнесін мүсіндеді. Аю балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтап, қоштасты. Тәрбиеші қорытынды сұрақтар қойып әс-ірекетті қорытындылап, балаларды жапсырма смайликтер беру арқылы мадақтады. Жалпы ұйымдастырылған іс-әрекет **орташа** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- көрнекіліктерді алдын-ала імуге болмайды, қызығы кетіп қалады.
- әр тапсырманы дұрыс түсіндіру және орындап болған соң қорытынды жасап отыру керек;
- балаларды шашыратып алмау үшін үнемі жасаған жұмыстарына сұрақтар қою арқылы қорытынды жасатып, бос қалдырмау керек;

«Аққу» ересек тобының тәрбиешісі А.Р.Косбармахова «Біз бәрін, бәрін білеміз!» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар залға музыка әуенімен ерекше билеп амандасып кірді. Тәрбиеші жыл бойы өткен тақырыптар бойынша балаларға сұрақтар қойып жауаптарын тыңдады. 1-5-ке дейін тура және кері санады. Ұшақтың гүрілдеген даусы шығып, кенеттен қағаз ұшақ ұшып келіп қонды. Балалар таңырқады. Балалап пішіндерге қарай топтарға бөлініп, ұшақтың алып келген тапсырмаларын орындады. Екі қатарға отырып, тәрбиешінің нұсқауына қарай жіптерге моншақтар тізді. Үстел үстінде моншақтардан пішіндерді бейнеледі. Тәрбиешінің көрсетіп тұрған аяқ іздеріне қарай балалар секіре отырып бойларын сергітті. Тыныс алу жаттығуларын жасады. Педагог өзін бала деңгейінде ұстады. Балаларға қорытынды сұрақтар қойылып, кері байланыс алынды. Мадақтау мақсатында (чупа-чупс) тәттілер таратылды. Жалпы педагог ізденіп, жақсы дайындалған. Балаларды қызықтыра алды. Жоспар жас ерекшелігіне сай құрылған. Қорытынды іс-әрекетті **жоғары** деңгейде ұйымдастырды.

Ұсыныстар:

- моншақпен жұмысты бастамас бұрын қауіпсіздік ережесін айтып ескерту қажет;

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- тақтамен жұмыс, жеке жұмыс болу керек;
 - әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;

«Ақ көгершін» ересек тобының тәрбиешісі Б.А.Рашаева «Ойнайық та, ойлайық!» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар шеңберге тұрып амандасты. Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беріп, тіл ұстарту жаттығуын жасады. Ғажайып сәтке төрт жыл мезгілі және сандар әлемінің ханшайымы қонаққа келді. Балалар жыл мезгілін түстеріне сай төрт түске топтасып ұлттық құндылықтарымызға бағытталған тапсырмалар орындады. Музыка әуенімен сергіту сәтін жасады.

Топтық жұмыстар жүргізілді. Балалар жыл мезгілдерімен қоштасып, шеңберге тұрып кері байланыс берді. Ауа райының құбылыстарына тоқталып, балалар мадақталды. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдана отырып ұйымдастырылған іс-әрекетті көбік үстінде, әйнеккесурет салу және майлықтан жасалған жауынқұртты суға салып зерттеумен аяқтады. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған, қызықты болды. Педагог жан-жақты дайындалған, балалармен жақсы қарым-қатынас орната біледі. Дегеніменде барлық тапсырманы алдын – ала көрсетіп, жарқыратып қоймай қажетіне қарай шығарып отырған жөн. Көрнекіліктері сан-алуан, балалар өте белсенді. Жалпы ұйымдастырылған іс-әрекет **жоғары** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;
- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- бояу, көбік, т.б. жұмыс жасамас бұрын қауіпсіздік ережесін ескертіп отыру қажет;

«Самұрық» мектепалды тобының тәрбиешісі С.К.Рахметова «Біз не үйрендік? Бізге білдік?» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар залға музыка әуенімен нейро жаттығулар жасау арқылы амандасып кірді. Шаттық шеңберіне тұрып «Бақыттымыз бәріміз» өлеңін айтты. Тәрбиеші жыл бойы өткен тақырыптар бойынша балаларға сұрақтар қойып жауаптарын тыңдады. Ортада жатқан сандар мен әріптерді таңдау арқылы балалар екі топқа бөлінді. Күн шуағында берілген әріптерден сөз құрап, буынға бөліп, дыбыстық талдау жасады.

Екінші топ адасқан сандарды ретімен орналастырып, мысал есептер шығарды, сандар мен асықтарды салыстырып, аз-көп ұғымына тоқталды. Балалар шеңберге тұрып, қоңыраудың соғылуына қарай молекула ойынын ойнады. Таяқшалармен пішіндер құрастырып, олардың түстеріне тоқталды. Қорытынды сұрақтар қойылып, кері байланыс алынды. Мадақтау мақсатында жұлдызшалар таратылды. Жалпы педагог жақсы дайындалған. Балаларды қызықтыра алды. Жоспар жас ерекшелігіне сай құрылған. Ерекше білімді қажет ететін балаларының өзі топтың тыныштығын бұзбай

жалпы балалармен бірдей деңгейде жұмыс жасады. Қорытынды іс-әрекет **жақсы** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- тақтамен жұмыс, жеке жұмыс болу керек;
- әр тапсырма бала үшін таңсық болу керек, алдын-ала үстелге жарқыратып ашып қойған қызықсыз болады;
- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;

«Қыран» мектепалды тобының тәрбиешісі А.Б.Бейсембекова «Ойна да ойлан!» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар музыка әуенімен залға кіріп, амандасып, карточкалар арқылы топтарға бөлінді. Тәрбиеші жыл бойы өткен тақырыптар бойынша балаларға сұрақтар қойып жауаптарын тыңдады. Үстелден хат тауып алып оның ішінде берілген тапсырмаларды орындады. Карточкада берілген сандар мен жерде тізілген кеглилердің санын салыстырып, аз – көп ұғымына және артық-кем ұғымына тоқталды. 1-10-ға дейін тура және кері санады. Пішіндер туралы жұмбақтар шешті. Берілген есептардың теңдігін тауып сандықшаға жинап отырды. Молекула ойынын ойнап бойларын сергітіп алды. Алманың суретіне жасырынған сөздерді қолшамның көмегімен көріп, буынға бөліп, оған дыбыстық талдау жасады. Балалардан кері байланыс алынып, смайликтермен мадақталды. Педагог жоспарды балалардың жас ерекшелігіне сай құрғаны, ізденгені, жан-жақты дайындалғаны көрініп тұр. Бірақ өте қатты қобалжып, кей сөздерін толық жеткізе алмады. Балалар өте белсенді, тапсырмаларды қызыға орындады. Қорытынды іс-әрекет **орташа** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- тәрбиеші үнемі бала деңгейінде болу керек;
- өз бойындағы қобалжуды жеңу үшін жұмыс жасауы тиіс;
- балаға сұрақ қойған соң асығып өзі жауап бере салмай баланың үнін тыңдау керек;
- жауап беруге қиналған жағдайда демуші сұрақтар қою арқылы баланың жауабын толық сыртқа шығару қажет;
- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- әр тапсырма бала үшін таңсық болу керек, алдын-ала үстелге жарқыратып ашып қойған қызықсыз болады;
- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;

«Қыран» мектепалды тобының тәрбиешісі Н.Б.Бершімбаева «Білім әлеміне саяхат» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар залға кіріп сәлемдесуді кубик тілақтыру арқылы

жүргізді. Жыл бойы өткен тақырыптарға байланысты сұрақ-жауап алынды. 12 айға хормен мінездеме беріп өтті. Тірек сызбалары арқылы жүріп келіп шеңберге отырды. Мнемотехника әдісін қолдана отырып мақал-мәтелдерді құрастырып, жұмбақтарды шешті. Ғажайып сәтке Айгул қыз қонаққа келіп мектепке баруы үшін берілген тапсырмаларды орындап көмектесулерін сұрады. Планшетте нан сөзіне әр бала жеке-жеке дыбыстық талдау жасады. Жұп сандар мен тақ сандарды ажыратып көмектесті. Музыка әуенімен балалар бойларын сергітіп алып, тақтамен жұмыс жасады. Жұмыртқада және пішіндерде жасырынған берілген мысал есептерді шығарды. Кілемшеде берілген пішіндерді басу арқылы балалар 4 топқа бөлініп үстел үстінде құрастыру жұмысын жасады. Жыл мезгіліне сай ағаштардың түсіне тоқталды. Планшетті қолдана отырып шеңбер бойымен 1-10-ға дейін кезектесе орын ауыстыра отырып музыка әуенімен жазып шықты. Айгүл қызды қуанту үшін бүктелген гүлдерді суға салу арқылы зерттеу жасап, суға түскенде күлтелерінің ашылғанын көріп қуанышқа бөленді. Балалар өте белсенді. Қызығушылықтары жоғары. Педагог жан-жақты дайындалған. Балалармен жағымды қарым-қатынас орната білді. Балалармен жеке жұмыс, топтық жұмыс, тақтамен жұмыс, планшетпен жұмыс, зерттеу жұмысы т.б. жүргізе білді. Қорытынды іс-әрекет **жоғары** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- балалардың киімін дұрыстау керек;
- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;

«Қарлығаш» мектепалды тобының тәрбиешісі А. Ж. Абдалиева «Тез ойла, тезойна» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балалар музыка әуенімен залға кіріп тәрбиешімен амандасты. Іс-әрекетті бастамас бұрын «Көңілді сандар» ойынын ойнады. Балалар өздеріне берілген сандарды стақандармен музыка әуені бойынша билеп, әуен тоқтағанда қатарға тұрып тура және кері санау арқылы ойын ойнады. Ғажайып сәтке сиқырлы қорап тауып алды. Ішіне тапсырмалар қалдырыпты. «Жұмыртқа әдісі» арқылы жұмыртқаны аршып, ішіндегі үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратып, аттарын атап, үлкен-кіші ұғымына тоқталып өтті. «Буындарды тап!» ойыны арқылы балалар жарты алмада берілген буынның екінші бөлігін тауып оқып, дабастақ талдау жасады. Сұрақтарға жауап беріп, әріп пен дыбысты ажыратып берді. «Тез қозғал!» музыка әуенімен қимылды ойнатып ойнап бойларын сергітті. «Балық аулаймыз» ойыны арқылы әріптер жасырынған балықтарды аулап, сол әріптерді бояу арқылы шығармашылық қабілеттерін арттырды. Қорытынды кері байланыс жүргізіліп, балалар мадақталды. Педагог жоспарды балалардың жас ерекшелігіне са құрған, ізденген, жан-жақты дайындалған. Тапсырмалары балалар үшін өте қызықты болды. Іс-әрекет **жоғары** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- балалардың сұрақтарға толық жауап беруін талап ету қажет;

«Қарлығаш» мектепалды тобының тәрбиешісі А.Р.Бестаева «Ертегі елінде» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Балаларға жыл бойы өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қойып жауаптарын тыңдады. 1-10-ға дейін тура және кері санады. Ғажайып сәтке ешкі келіп лақтарын қасқыр алып кеткенін және оған көмек керегін айтты. Қасқырдың берген әр тапсырмасын орындаған сайын ол бір лақтан босатып отыратынын түсіндірді. Берілген мысал есептерді шығарды. Сөзжұмбақ шешіп, «Көршісін тап!» ойынын ойнады. Текшелерді қолдану арқылы берілген сөздерге дыбыстық талдау жасады. Музыка әуенімен билеп жүріп, пішіндерге топтасты. Берілген қима қағаздардан ертегілерді құрастырды. Қорытынды сұрақтар беріліп, балалардың жауабы тыңдалды. Жалпы жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Балалар өте белсенді. Педагог ізденген, дайындалған. Балалардың сөздік қорлары жеткілікті дегенімен сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру қажет. Педагогтың дауыс ырғағы бір сарынды болғандықтан балалар шашыраңқы болды. Жалпы ұйымдастырылған іс-әрекет **орташа** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- ғажайып сәт қызықты болу үшін міндетті түрде музыка әуенін қосу қажет;
- әр тапсырма бала үшін таңсық болу керек, алдын-ала үстелге жарқыратып ашып қойған қызықсыз болады;
- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;

«Бозторғай» мектепалды тобының тәрбиешісі Л.Ж.Акниязова «Білім еліне саяхат» тақырыбында ашық ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекетін көрсетті. Ұйымдастырылған іс-ірекетті ертегі желісімен өткізді. Балалар залға нейро жаттығулар жасап, ерекше амандасып келді. Шеңберге тұрып «Мақта қыз бен мысық» ертегісін естеріне түсіріп алды. Тәрбиеші жыл бойы өткен тақырыптар бойынша балаларға сұрақтар қойып жауаптарын тыңдады. Апта күндері, жыл мезгілдері, көлік түрлері т.б тоқталды. Ғажайып сәтке Алладин қонаққа келіп, өзінің ұшатын кілемімен балаларды ертегілер еліне саяхаттауға алып кетті. Балалар кілемге отырып 1-10-ға дейін көздерін жұмып барабанның соғылуын тыңдай отырып санады. Көздерін ашып Мақта қыз бен мысыққа жолықты. Әр кейіпкердің тапсырмасын орындап берді. Тапсырмаларды орындау барысында балалар санау, салыстыру, пішіндер, дыбыс, сөз, буынға бөлу, ою-өрнектерге, үй және жабайы жануарларға қатысты тапсырмалар орындады. Қорытынды сұрақтар қойылып, кері байланыс алынды. Мадақтау мақсатында смайликтер таратылды. Жалпы педагог жақсы дайындалған. Балаларды түрлі тапсырмалар бере отырып қызықтыра алды. Жоспар топтың жас ерекшелігіне сай құрылған. Балалар өте алғыр, белсенді. Топтық жұмыс, жеке жұмыс, тақтамен жұмыс түрлері жүргізілді. Қорытынды іс-әрекет **жоғары** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;

- әр тапсырма бала үшін таңсық болу керек, алдын-ала үстелге жарқыратып ашып қойған қызықсыз болады;
- әр тапсырманы орындап болған соң нәтижесіне тоқталып, баладан сұрап отыру керек;

12.01.2024 жылы «Ақ сұңқар» ортаңғы тобының тәрбиешісі Андасова Лаура Есиркеповна «Дидактикалық ойындар еліне саяхат» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен шаттық шеңберін жасап, тәрбиешімен түрлі қимылдар арқылы амандасты. Балаларға жыл мезгіліне сай сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. Өткен тақырыптар бойынша «Қай себетке саламыз?» ойынын ойнады. Балалар жемістер мен көкөністердің атын атап, түсін және пішінін ажыратып, дәмін анықтай білді. «Біреу және көп» ұғымына тоқталды. Заттардың санына қарай аз немесе көп екенін ажырата білді. Музыка әуенімен сергіту жаттығуларын жасады. Бойларын сергітіп алып, «Шаршыны құрастыр» дидактикалық ойынын ойнады. Балалар үстел үстінде түрлі қиынды бөлшектерден бүтін шаршыны құрап шығып, түстерін атап, неше бұрышы бар екенін педагогпен бірге санады. Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалар белсене қатысты. Педагог жоспарды балалардың жас ерекшелігіне сай құрып, тиянақты дайындалған.

Ұсыныстар:

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау керек;
- тілдік минимумын арттыру мақсатында жеке жұмыстар көбірек жасау қажет.

12.01.2024 жылы «Бүркіт» ортаңғы тобының тәрбиешісі Сарекина Күміс Таңатқанқызы «Дидактикалық ойындар еліне саяхат» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуеніне ілесе отырып, тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін жасады. Өткен тақырыптарына байланысты «Кімнің құралы?» атты дидактикалық ойынын ойнады. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіріп, балаларға сұрақтар қою арқылы қандай мамандық иелерін білетінін анықтады. Суреттеріне қарап шағын әңгіме құрастырып, өздерінің ата-аналарының кім болып қызмет атқарып жүргенін айтты. Үстел үстінде әр маманның өзіне қажетті құралын сәйкестендірді. Музыка әуенімен бойларын сергіту үшін жерде орналасқан пішіндерге секіру арқылы нейрожаттығу жасады. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, сөздік қорларын арттыру мақсатында «Болады, болмайды» дидактикалық ойынын ойнатты. Балаларға тәрбиеші жол ережелеріне байланысты сұрақтар қойып, балалар жасауға болады, болмайды деп ойланып өз жауаптарын беріп отырды. Қыс мезгіліне тоқталып, қыстық киімдерін әңгімеледі. «Сыңарын тап!» атты дидактикалық ойын ойнады. Шартын түсінген балалар жіпке қолғапты сыңарын тауып, қыстырғышпен іліп шықты.

Тәрбиешінің қорытынды сұрақтарына жауап беріп, бүгінгі іс-әрекеттен алған әсерлерімен бөлісті. Педагог балаларды смайликтермен мадақтады.

Ұсыныстар:

- ойындар нәтижелі болу үшін шартын дұрыс түсіндіру қажет;
- екі әрекеттің арасында тығыз байланыс болуы шарт.

12.01.2023 жылы «Шағала» ортаңғы тобының тәрбиешісі Мықтыбаева Айнұр Дүйсеналықызы «Дидактикалық ойындар еліне саяхат» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар өте белсенді қатысты. Балалар музыка әуенімен қимылды жаттығулар арқылы шаттық шеңберін жасады. Тәрбиеші жыл мезгіліне сай жұмбақ жасырып, балалар жауабын тапты. Қыс мезгіліне сай сұрақ-жауап беріліп, тақпақтар айтылды. Үстел үстінді фетрден жасалған жыл мезгілдерінің бейнесіне қарап сипаттама беріп өтті. «Сиқырлы суреттер», «Шар жарылады» атты дидактикалық ойындарын ойнап, сабын көпіршіктеріне зерттеу жұмысын жасады. Педагог балалардың қызығушылығын оята білді. Барлық ойындар балалардың бойындағы дағдыларды дамытуға арналған. Тәрбиеші балалардан кері байланыс алып, смайликтермен мадақтады.

Ұсыныстар:

- шығармашылық жұмыстармен айналысу алдында міндетті түрде қауіпсіздік ережелерін ескерту қажет;
- тілдері толық жетілмеген балалармен жеке жұмыстар жүргізу қажет;

15.01.2024 жылы «Ақ көгершін» ересек тобының тәрбиешісі Рашаева Ботагөз Асылбековна «Мен және мені қоршаған орта» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен шаттық шеңберін жасады. Жыл мезгілдеріне және апта күндеріне байланысты қойылған сұрақтарға толық жауап берді. Туған жер, тірі және өлі табиғат, үй және жабайы жануарларға тоқталып, олардың төлдерін атап шықты. Тәрбиеші ғажайып сәтке хат тауып алып, балалар оның ішіндегі орманшы атаның жіберген тапсырмаларын орындады. Су мен қарға тәжірибелік жұмыс жасады. Музыка әуенімен бойларын сергітіп алып мұзды түрлі-түсті бояумен бояу арқылы қар қиыршықтарын көрсетті. Қардың ерітіндісін ақ дәкеге құю арқылы оның лас екенін дәлелдеп шықты. Табиғатқа қатысты ырым-тыйымдарды берілген суреттен тауып айтып, «Ұшты-ұшты» қимылды ойынын ойнады. Тәрбиеші балаларды әрбір іс-әрекет арқылы табиғатты қорғауға шақырып, оған қамқорлық жасаудың қаншалықты маңызды екенін түсіндірді. Балалар өте белсене қатысып, өздерінің қйларымен бөлісе білді. Балалар іс-әрекеттен алған әсерлерімен бөлісіп, тақтадағы сайликтерді көрсету арқылы іс – әрекетті бағалады. Педагог мақсатына жетті.

Ұсыныстар:

- хатты педагог емес баланың тауып алуына мүмкіндік беруі керек;
- сұрақ қойған соң баланың толық жауап беруін күту керек;

15.01.2024 жылы «Аққу» ересек тобының тәрбиешісі Бердахметова Мадина Сериковна «Мен және мені қоршаған орта» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен шаттық шеңберін жасап, бір-біріне жүректерінен шыққан жылы сөздерін айтты. Жыл мезгіліне байланысты тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап берді. Тәрбиеші табиғат әлемінің екіге бөлінетінін түсіндірді. Тірі табиғатқа адамзат, өсімдіктер, жан-жануарлар, жәндіктер жататынын және өлі табиғатқа құм, тас, су т.б жататынын толығымен түсіндіріп өтті. Ыдыстағы құмға тәжірибелік жұмыс жасап балалардың қызығушылығын оята білді. Сонымен қатар табиғатқа

қатысты мақал –мәтелдер айтып тілдерін дамытты. Топтық жұмыстар жасады. Балалар екі топқа бөлініп бірі құм үстіне саусақпен гүл жасады, екіншісі геометриялық пішіндерді қолдана отырып аквариумдағы балықты бейнеледі. Осылайша тәрбиеші балаларды қоршаған ортасын аялуға тәрбиеледі.

Ұсыныстар:

- топқа бөлуді қызықты ету керек;
- балалар жұмыс жасайтын орындары тар болмау керек;
- орыс тілді балалармен жеке жұмыстарды жиі жүргізіп отыру қажет;

16.01.2024 жылы «Самұрық» мектепалды тобының тәрбиешісі Рахметова Салтанат Кадрияқызы «Қардың пайдасы» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар жерде көрпешеде отырып, 8 минуттық ертегі оқу жобасымен бастады. Қ.Ыдырысовтың «Қыс» өлеңін бірге хормен айтып шықты. Теледидардан «Ормандағы қыс» бейнеролигін көріп тамашалап көргендерін әңгімелеп берді. “Қыс қызыл, жаз жасыл» мақалын жатқа айтқызды. Балалар 2-3 қайталап жаттап алды. Қар, мұз, аққала сөздеріне балалар сөйлем құрап, дыбыстық талдау жасады. Балалар мнемотехника әдісін қолдану арқылы “Қыс» өлеңін айтып шықты. Дидактикалық ойын суреттер арқылы сандарды ретімен қоя отырып аққала құрастырды. Шығармашылық жұмыс жасады. Алдын-ала көк бояумен бояған ыдыстың ішіне аққаланың бейнесін салды. Балалар іс-әрекетке өте белсене қатысты. Балалардан кері байланыс алынып, мадақтау жасалынды. Педагог жоспарды баланың жас ерекшелігіне сай құрған. Мақсатына жете білді.

Ұсыныстар:

- іс-әрекет барысында баланың үнін естіртуге тырысу керек, көбірек сөйлетіп коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға жұмыс жасау қажет.

16.01.2024 жылы «Қыран» мектепалды тобының тәрбиешісі Бершімбаева Нұрзина Бейбітқызы «Қардың пайдасы» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен шаттық шеңберін жасады. Берілген сұрақтарға жауап беріп жыл мезгіліне және апта күндеріне тоқталды. Қар ханшайымының балаларға арнап дайындаған тапсырмаларын орындады. Балалар қыс мезгіліндегі ойындарды атап шықты. «Қыс қызығы» тақырыбындағы суретке қарап әңгіме құрастырып шықты. Тәрбиеші қыс мезгілі туралы жұмбақтар жасырып балалар шешуін тапты. Шеңберге тұрып, қимылды жаттығулар жасап бойларын сергітті. Мұздың қасиетін анықтау үшін зерттеу жұмысын жасады. Тәрбиеші балаларды қызықтыра білді. Зерттеу барысында ауыр-жеңіл ұғымдарына тоқталды. Дидактикалық ойын ойнады. Берілген қиындылардан аққала құрастырды. Балалар белсене атсалысып, қорытынды сұрақтарға жауап берді.

Ұсыныстар:

- тәжірибелік жұмысты бастамас бұрын қауіпсіздік ережесін ескерту қажет;

16.01.2024 жылы «Қарлығаш» мектепалды тобының тәрбиешісі Абдалиева Альмира Жаңабергенқызы «Қардың пайдасы» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен өздері таңдаған қарлы жолмен жүріп келіп 4 топқа бөлінді. Тәрбиешінің жыл мезгіліне және апта күндеріне және қыс мезгілінің ерекшеліктеріне байланысты қойған сұрақтарына жауап берді. Жұмбақтың шешуін (қар) тауып, қардың қандай болатынын толық білу үшін арнайы ойындар ойнады. 4 топ арнайы берілген карточкалардан қыстық ойындарды құрастырып шықты. Қарға эксперимент жасады. «Сыңарын тап» ойынын ойнау арқылы түтікшенің көмегімен үрлей отырып өзінің өрнегіне сай келетін қар кесегін тауып оларды сәйкестендірді. Музыка әуенімен сергіту жаттығуларын жасап, «Қарлы сандар» ойынын ойнады. Жалпы іс-әрекеттің құрылымы жақсы құрылған, педагог жан-жақты ізденгені көрініп тұр. Балалар өте белсенді, әр тапсырманы түсініп тиянақты орындауға дағдыланған. Педагог балалардың қызығушылығын оята білді.

Ұсыныстар:

-сұрақтарға хормен жоқ-ия деп қысқа жауап беруге болмайды, толық жауап беруге , жеке-жеке жауап беруге үйрету;







Көзделген жұмыстар:

Балалардың өмірін қорғау, денсаулықтарын жақсартуға балабақшада ерекше көңіл бөлініп, осы бағытта жұмысты атқаруды жалғастырамыз. Ата-аналармен бірігіп баланың психикалық-физикалық денсаулығын қамтамасыз ету, ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру. Осы негізде міндетті түрде тәрбиешілер, психолог, дене шынықтыру жетекшілері жұмыстарының сабақтастығын оның сапасын арттыруды жалғастыру. Оқу-тәрбиелеу үрдісінде топ тәрбиешілермен мамандар өз жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып, шығармашылық ізденіс жасау арқылы әрі қарай жұмысты жетілдіру керек. Осы орайда назарға алынатын жағдайлар:

- Топтардағы оқыту-тәрбиелеу жұмысының перспективалық жоспарларын қайтадан нақтылап, өңдеуден өткізу;
- Балалармен жеке жұмыс сапасын арттыруды жалғастыру;
- Балалардың тілдерін дамытып, ана тілінде сөйлеуге үйрету, логикалық ойлау қабілетін арттыруға көңіл бөлу:

Коммуникативтік дағдылары бойынша көрнекі құралдар мен суреттер қолданып тіл дамытуда балалармен қазақ тіліне қызығушылықтарын арттырып, жеке жұмыстар, ұлттық ойындар, сөздік ойындар, мақал- мәтердер, жаңылтпаштар, ертегілерді көп қолдану. Тақпақтарды мәнерлеп айтуға үйрету. Оқылған ертегілер, әңгімелер бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Өз пікірлерін толық айту дағдыларын жетілдіру. Ұжымдық шағын театр қойылымға қатысуды үйрету. Кітапқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

- Танымдық-зияткерлік дағдылары бойынша ұйымдастырылған оқу

қызметтерінде қатаң үнемі дайындалып, барлық бөлімдерін сақтау. Балалардың білімдерін бекіту үшін дидактикалық үлестірмелі материалдармен жұмыс атқару. Балалардың қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыра отырып, көрнекілік, ауызша және практикалық әдіс-тәсілдерді ойын түрде қолдану арқылы ақыл-ой операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау) дамытуға көп көңіл бөлу. Ұйымдастырылған іс-әрекетті ойын түрінде өткізу.

- Жаңа әдіс-тәсілдер қолдану арқылы балаларға сапалы білім беру;
- Озық тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау, басылымдарға шығарып отыруды жалғастыру;
- Дидактикалық материалдарды әзірлеу;
- Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жалғастыру;
- Ата-аналарға педагогикалық, психологиялық кеңес беру, бақшаішілік іс-шараларға тарту;

**№ 49 «Алтынай» балабақшасының 2024 – 2025оқу жылына
арналған мақсаты мен міндеттері**

Тақырыбы: «Ұлттық тәрбие негізінде балалардың адамгершілік және тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту»

Мақсаты: Заман талабына сәйкес ұлттық құндылықтар мен адамгершілікті бойына сіңірген дені сау, танымдық және коммуникативтік қабілеттері дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ұлттық ойындар арқылы балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту, патриотизмге баулу;
- инновациялық технологияларды қолдана отырып дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту;
- балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты нығайту;
- Абай туындыларын қолдана отырып балаларды адамгершілікке тәрбиелеу;
- педагогтердің кәсіби және цифрлық құзыреттіліктерін арттыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады :

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»

Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының

Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық

түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010194>

Жоспарлы профилактикалық екпелерді және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021832>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін
көрсетудің үлгілік шарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы
білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру
нормалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер
көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке
дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік
кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері
жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317> Педагогикалық әдептің кейбір
мәселелері <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619>

Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын
ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау
жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-
педагогикалық қолдап отыру қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша
білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім
балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған
білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу
қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017948>

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша
білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ
мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының
қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017766>

«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032368> «Үздік педагог» атағын беру қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472> Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008390>

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495>

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317> Педагогтік қайта даярлау қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147>

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567>

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053> Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020622>

Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034309>

«Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы №

354 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033147>

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323>

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007363>

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137>

Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070005090> Өрт қауіпсіздігі қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867>

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>

II – бөлім

Денсаулық пен салауатты өмір салтына жағдай жасау

Мақсаты: Балалар өмірін қорғау, дене тәрбиесі, шынықтыру сауықтыру салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарын жетілдіру.

№	Іс – шаралар	Жауаптылар	Мерзімі	қайда қаралады
2.1	Медициналық қызмет сапасын жақсарту			
1	Медициналық кабинетінің жылдық жоспарын бекіту.	меңгеруші мейірбике	қыркүйек	Меңгеруші жанындағы жиналыс
2	Мекеменің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы.	мейірбике шаруашылық меңгерушісі	қыркүйек желтоқсан наурыз мамыр	Өндірістік жиналыс
3	Келісілген балалар тізімі бойынша №26 У-3 және №63 формасын салыстырып тексеруді ұйымдастыру	мейірбике	үнемі	Мейірбике жанындағы кеңес
4	Медициналық кабинетінің жылдық жоспарының орындалуы туралы есеп беру.	мейірбике	мамыр	Меңгеруші жанындағы жиналыс
5	Балалар қатысуы мен аурулары бойынша сараптама жасау.	мейірбике	3 ай сайын қазан қаңтар сәуір	Меңгеруші жанындағы жиналыс
6	Профилактикалық іс-шаралар есебін жүргізу.	мейірбике	желтоқсан мамыр	Меңгеруші жанындағы жиналыс
7	Күнделікті бақылау: Күн тәртібінің орындалуы. (таңғы қабылдау, таңғы жаттығу, оқу іс-әрекеттері, гигиеналық машықтары, ұйқы, т.б.).	әдіскер мейірбике кәсіподақ комитеті	қараша ақпан маусым	Мейірбике жанындағы кеңес
8	Дөңгелек үстел: Қызметкерлерді санитарлық-эпидемиологиялық ережемен таныстыру, санитарлық - ағарту жұмыстарын жүргізу.	мейірбике	қаңтар үнемі	Өндірістік жиналыс

9	Қызметкерлердің санитарлық-гигиеналық сараптамадан өтуіне жағдай жасау.	мейірбике	жылына 2 рет	Кәсіподақ комитетінің отырысы
10	Қызметкерлердің медициналық кітапшаларына сараптама жасап отыру.	мейірбике	жоспар бойынша	Кәсіподақ комитетінің отырысы
11	Дене шынықтыру шаралары арқылы денсаулықты нығайту әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру	медбике дене шынықтыру нұсқаушысы	тұрақты	Меңгеруші жанындағы кеңес
12	Егу жұмысының алдын-ала жоспарын дайындау, орындалуын қамтамасыз ету	мейірбике	үнемі	Мейірбике жанындағы кеңес
13	Антропометриялық негізде балаларды тексеруден өткізу	мейірбике	қазан сәуір	Мейірбике жанындағы кеңес
14	Балаларды дәрігердің күнделікті қарауы (медициналық бақылау)	мейірбике	тұрақты	Мейірбике жанындағы кеңес
15	Ақыл-кеңес: - Ғимаратты санитарлық талапқа сай ұстау және дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу. - Тамақтану нормалары. Су ішу тәртібі. - Дезинфекциялық тәртіп (құралдардың түрі, мөлшелері). - Таңбалау, төсек жабдықтарын ауыстыру және ауа тазарту ережелері.	медбике әдіскер	тоқсанына бір рет	Мейірбике жанындағы кеңес
16	Балаларда мәдени-гигиеналық машықтарын қалыптастыру	топ тәрбиешілері медбике	үнемі	Әдіскер жанындағы кеңес

17	Тәрбиешілерге кеңес беру Емдік тағамдар: - жеміс-жидектер; - Жуа, сарымсақ - Кептірілген жемістер С дәрумені	мейірбике	мейірбике нұсқауы бойынша	Мейірбике жанындағы кеңес
18	Ұйқыдан тұрған соң шынықтыру шараларын жүзеге асыру; - беті-қолдарын салқын сумен шаю - көз, саусақ жаттығуларын жасау - массажды төсеніштермен жүру	барлық топ тәрбиешілері дене шынықтыру нұсқаушысы	тұрақты	Әдіскер жанындағы кеңес
19	Шынықтыру шараларын өткізу: - Таза ауадағы серуеннің уақытын ұзарту; - Ауа және күннің көзін жүйелі пайдалану; - Тәулік бойындағы ауа - райына байланысты киімдерін жеңілдету;	барлық топ тәрбиешілері мейірбике	барлық топтар	Әдіскер жанындағы кеңес
20	Топтардың сауықтыру шараларының есебі	барлық топ тәрбиешілері	қаңтар, мамыр	Әдіскер жанындағы кеңес
21	Жоспарлы түрде профилактикалық екпелерді және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары	мейірбике	үнемі	Меңгеруші жанындағы кеңес
2.2	Жүйелі пайдалы тамақтану			
1	Азық-түлік сапасын, сертификаттарын, сақталу ережелерін тексеріп бақылап отыру.	дәмбике қоймашы	күн сайын	жеке жұмыс
2	Бракераждық журналды жүргізу.	дәмбике	күн сайын	жеке жұмыс

3	Азық-түлік тасымалдаушылардың санитарлық кітапшаларын және санитарлық паспорттарын, көліктерін тексеріп отыру.	қоймашы	күн сайын	жеке жұмыс
4	Күнделікті бақылау: Балалардың тамақтану процесінің ұйымдастырылуын қадағаяу.	дәмбике кәсіподақ комитетінің төрайымы	үнемі 3 ай сайын қазан ақпан сәуір маусым	меңгеруші жанындағы жиналыс
5	Қызметкерлердің тамақтануын ұйымдастыру, тізімдерін жасау.	дәмбике кәсіподақ комитетінің төрайымы	қыркүйек	кәсіподақ комитетінің отырысы
2.3	Дене шынықтыру – сауықтыру іс- шаралар жүйесі			
1	«Денсаулық күні»	әдіскер дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер	қыркүйек	Әдістемелік кеңесі
2	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (асық, бес тас, бестемше ойыны)	әдіскер дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер	күнделікті	Әдістемелік кеңесі
3	«Денсаулық зор байлық» мектепалды топтары спорттық ойын	әдіскер дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер	қазан	Әдістемелік кеңесі
4	Сайыс: «Толағай»отбасылық ойын-сауық (ересек топ)	дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер	қараша	Әдістемелік кеңесі
5	«Кім жылдам?»- эстафеталық жарыс ортаңғы топтар	дене шынықтыру нұсқаушысы тәрбиешілер	желтоқсан	Әдістемелік кеңесі
6	«Денсаулық күні» спорттық ойын-сауық: «Қызықты қыс мезгілі!» (барлық топтар)	әдіскер дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер	қаңтар	Әдістемелік кеңесі

7	«Ұлттық ойын-ойды өсіреді» (мектепалды даярлық, ересек топтар)	дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілер	наурыз	Әдістемелік кеңесі
8	«Денсаулық күні» «Достығы жарасқан отбасы!» эстафеталық жарыс ата-аналарымен	әдіскер дене шынықтыру нұсқаушысы тәрбиешілер	сәуір	Әдістемелік кеңесі
9	Спорттық жарыс: «Алаңқайда ойнайық!» (ересек топ)	тәрбиешілер дене шынықтыру нұсқаушысы	мамыр	Әдістемелік кеңесі
2.3.1	Өрт сөндіру қауіпсіздігі іс-шаралары			
	Балалармен жұмыс			
1	Көрме: «Өрт – бала көзімен» - Әңгімелесу: «Өрт туралы не білеміз?»	мектепалды және ересек топтары	қыркүйек	Әдістемелік кеңес
2	Сюжетті-желілі ойын: «Өрт сөндірушілер»	ересек топтар	қазан	Әдістемелік кеңес
3	Әңгімелесу: «Өрт қауіпсіздігіне арналған белгілерімен таныстыру»	ортаңғы топтар	қараша	Әдістемелік кеңес
4	Ойын-сауық: «101»	мектепалды топтар	қаңтар	Әдістемелік кеңес
5	Әңгімелесу: «Сақ болыңдар балалар!»	ортаңғы, ересек, мектепалды топтары	мамыр	Әдістемелік кеңес
6	«Үнемді тұтыну» -суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу	Барлық топтар	Жыл бойы	Әдістемелік кеңес
7	«Мамандық күндері»	барлық топтар	ай сайын	Әдістемелік кеңес
	Қызметкерлермен жұмыс			
1	Тәжірибелік іс-әрекет: «Өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдалану» (нысандық жаттығу	меңгеруші шаруашылық меңгеруші	қазан ақпан маусым	Өндірістік отырыс

	дайындау және өткізу			
2	Терроризм актісінің қауіпі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайда әрекеттер туралы	меңгеруші шаруашылық меңгеруші	үнемі	Өндірістік отырыс
2.3	Жол- қауіпсіздігі травмаларынан сақтану нұсқаулығы			
	Балалармен жұмыс			
1	Әңгімелесу: «Жолда абай бол балақай !» Көрме: «Бағдаршамға бағын!»	әдіскер барлық топ тәрбиешілері	қыркүйек	Әдістемелік кеңес
2	Ойын –сауық : «Көңілді бағдаршам»	әдіскер мектепалды топ тәрбиешілері	қазан	Әдістемелік кеңес
3	Әңгіме: «Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз?»	әдіскер барлық топ тәрбиешілері	үнемі	Әдістемелік кеңес
4	Жарыс:«Оның аты-бағдаршам, жол сілтейді әрқашан»	әдіскер ересек топ тәрбиешілері	желтоқсан	Әдістемелік кеңес
5	Ойын- сауық: «Тоқта, сақтан, жол ашық!»	әдіскер мектепалды топ тәрбиешілері	сәуір	Әдістемелік кеңес
	Ата-аналармен жұмыс			
1		барлық топтар	қараша	Әдістемелік кеңес
2.4	Психологиялық қызмет жүйесі			
1	Педагог - психолог кабинетінің 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту	меңгеруші педагог-психолог	қыркүйек	Меңгеруші жанындағы жиналыс
2	Балабақшаға жаңадан қабылдаған балалардың бейімделу процесін анықтау.	педагог-психолог	қыркүйек	Меңгеруші жанындағы жиналыс
3	Мектепалды топтарының мектепке баруға психологиялық дайындығы.	педагог-психолог	мамыр	№ 5 пед.кеңес
4	Қызметкерлерге ақыл-кеңестер	педагог-психолог	жоспар бойынша	Әдістемелік кеңес

5	Қызметкерлермен психологиялық сәттер, тренингтер өткізу	педагог-психолог	жоспар бойынша	Әдістемелік кеңес
2.5	Балабақшадағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс			
1	Балалардың психологиялық қиындықтары мен танымдық дамуын диагностикалау	педагог-психолог	қыркүйек қаңтар мамыр	Әдістемелік кеңес
2	«Балабақша топтарында психологиялық жайлылық құру» Семинар-практикум	педагог-психолог	қазан	Әдістемелік кеңес
3	«Балалардың эмоционалды –ерікті саласын қалыптастыру» Семинар	педагог-психолог	қараша	Әдістемелік кеңес
4	Психология апталығы «Бала әлемді қалай таниды?»	педагог-психолог	желтоқсан	Әдістемелік кеңес
2.6	Жемқорлыққа қарсы күрес және терроризмге қарсы күрес іс- шаралары			
	Ата-аналар және педагогтармен жұмыс			
